


# Арулар мерекесі құтты болсын!

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА
РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА
№17-18 (2834-2835)
07/03/2023

## ЖАНАРЫ НҰРҒА, ҚҰШАҒЫ ГҮЛГЕ ТОЛЫ...

**Көктемнің шуақты күндерімен қатар келіп, әлемді жылылық пен әдемілікке бөлейтін сәнді де сұлу мереке келді. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында еңбек ететін жүз мыңнан астам адамның 26 мыңын нәзік жан иелері құрайды.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

Жылда компанияның ер азаматтар қауымы осы ару қыз-келіншектерге төл мерекеге орай түрлі сый-сияпат жасауды дәстүрге айналдырған. Биыл да наурыз айы туғаннан мерекелік шаралар басталып, құшақтары гүлге, жанарлары нұрға толған әйел заты көктемдей құлпырып айналаның сәнін кіргізді. Теміржол саласында ер адамдармен жауапкершілікті теңдей арқалаған әйелдердің екі мыңға жуық әйел затының 7 мыңға жуығы қарапайым жұмысшы маман. Соның ішінде 35 әйел «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталған. Жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша компанияның ер азаматтары 7 наурыз күні таңертеңгілік әйелдерді гүлмен қарсы алып, мәжіліс залында оларға арнап концерттік бағдарлама ұйымдастырмақ. Биыл қыз-келіншектерге мерекеге орай 8 АЕК көлемінде сыйақы берілді.



6 наурызда «Нұрлы жол» вокзал кешенінде өткен нәзік жан иелерінің «Гүлдер-ай» конкурсы түрлі спорттық және өнер сайыстарына ұласты. 7 наурызда өтетін салтанатты шарада «Темір жол – менің тағдырым» конкурсының жеңімпаздары марапатталады деп күтілуде. Жолаушыларға да мерекелік көңіл күй сыйлау ұмыт қалмады. Вокзалдың күту залында отырған әйелдерге гүл сыйлаған жігіттер қауымы ана туралы әннің ырғағында оларды биге шақырды. Арқалық, Шымкент, Семей, Өскеменге жол жүруге пойыз күтіп отырған жолаушылар бұл ерекше құттықтауға аса риза болып, ана туралы жырды қосыла шырқады...

*Суретті түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

## Құрметті арулар!

*Ер азаматтар атынан көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Әйел барлық қиындықты жеңе білетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы деп жатады. Саланың әр учаскесінде ерлерден кем түспей еңбек етулеріңіз соның дәлелі де. Көктемнің алғашқы күндерімен қатарласа келетін төл мерекелеріңізде сіздерге арналған жылы сөздерімізді, игі тілектерімізді жеткізіп жатуымыз да сондықтан. Әр кезде де өз істеріңізге адалсыздар. Сонымен қатар отбасы береке-бірлігінің ұйытқысы болып, әйелге тән нәзіктік пен әдемілікті сақтап келе жатуларыңыздың өзі ғажап.*

*Еліміздегі бейбіт өмір мен жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да өздеріңіз. Осылайша ер азаматтардың сыйластығы мен құрметіне бөлене беріңіздер. Аз шаршап, көп күліңіздер, әр күн сіздерге қуаныш сыйласын.*

*Мереке бақыт пен байлық, жақсылық пен сәттілік, көтеріңкі көңіл-күй мен шат күлкі сыйласын!*

*Сіздерге шынайы көңілден зор денсаулық, баянды бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!*

***Нұрлан САУРАНБАЕВ,***
***«ҚТЖ» ҰК» АҚ***
***Басқарма төрағасы***



**Ғалия НҮСКЕЕВА,**
«Нұрлы жол» вокзал кешені технологиялық процесті ұйымдастыру бөлімінің бастығы:

**«НҰРЛЫ ЖОЛ» ВОКЗАЛ КЕШЕНІНДЕ СЕРВИСТІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА СОҢҒЫ УАҚЫТТА КӨПТЕГЕН ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ. АТАП АЙТҚАНДА, ПАРКИНГКЕ КІРГЕН КЕЗДЕ ҚОСЫМША КӨМЕК АЛУҒА АРНАЛҒАН ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ТҮЙМЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. БҰЛ ЖҰМЫС ҚАЛАДАҒЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР ӨКІЛДЕРІНІҢ ҰСЫНЫСЫМЕН ҚОЛҒА АЛЫНДЫ. ОДАН БӨЛЕК ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ ӨТІНІШ-ТІЛЕГІН ЖИНАҚТАЙТЫН QR КОДТАР ОРНАТЫЛДЫ. СОНЫҢ БАРЫСЫНДА ҚАУІПСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ СЕРВИСТІ ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ.**

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

НА СЕГОДНЯ В АО «НК «ҚТЖ» РАБОТАЮТ БОЛЕЕ
**26**
ТЫСЯЧ ЖЕНЩИН

**35**
ПРЕДСТАВИТЕЛЬНИЦ ПРЕКРАСНОГО ПОЛА ИМЕЮТ ВЫСШУЮ ОТРАСЛЕВУЮ НАГРАДУ, ЗНАК «ПОЧЕТНЫЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК»

ДОЛЯ ЖЕНЩИН В ИСПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНАХ И ОРГАНАХ УПРАВЛЕНИЯ В ҚТЖ СОСТАВЛЯЕТ
**16%**

### Сервис

## МЕРЕКЕЛІК ПОЙЫЗ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

**8 наурыз – Халықаралық әйелдер мейрамы қарсаңында «Жолаушылар тасымалы» компаниясы жолаушыларға тосынсый жасап, ұлттық нақышта безендіріліп, көктемнің символы қызғалдақ суреті салынған ерекше стильді пойызды жөнелтті.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Кеше Астана-Алматы бағыты бойынша алғашқы рейске аттанған ерекше стильдегі №3/4 «Тальго» пойызын елорда вокзалынан шығарып салушылар мен тамашалаушылар қарасы мол болды.

«Біз бүгін вагондары этникалық стильде безендірілген тақырыптық пойызды Астанадан Алматы бағытына жөнелтіп отырмыз. Бұл іс-шараның мақсаты – пойыздағы сапарды қолайлы, қызықты және танымдық ету, әз Наурыз мерекесін шығыс халқының жыл бастауы, Жаңа жылы ретінде насихаттау. Бұл жоба қыста, Жаңа жылда бастау алып, онда Астанадан Бурабай бағытында қала маңы электропойызын безендірген едік. Атап өтерлігі, биыл да қала маңына қатынайтын этникалық стильде электропойыздарды шығару жоспарда бар. Сондай-ақ, мерекелік стильде безендірілген жолаушылар пойызының әйел жолаушыларына шағын сый-сияпат жасап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлап жатқан жайымыз бар», – деген «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры Жәнібек Тайжанов мерекелік құрам күн сайын биылғы сәуір айының соңына дейін қатынайтынын атап өтті.





Бұдан кейін «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшысы мен «Экспресс» филиалы жетекшілері және жолсеріктер пойызға бірінші болып мінген әйел жолаушыларды төл мерекелерімен құттықтап, тәттілер салынған пакеттер тарту етті.

Күтпеген жерден сыйлық алған нәзік жан иелерін сөзге тартқанымызда, олар өте керемет «тосынсый» болғанын, сапарларының жақсы көңіл-күймен басталып жатқанын, «ҚТЖ» компаниясына, оның ішінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на және вокзалға кіргеннен бастап пойызға мінгенге дейін «иіліп төсек, жантайып жастық» болған теміржол саласы қызметкерлеріне зор алғыстарын білдіріп, ақ тілектерін жаудырды.

*Суреттерді түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

## В ДВА РАЗА БЫСТРЕЕ

**Срок прохождения транзитных грузов на казахстанском участке ТМТМ по сравнению с прошлым годом сокращен вдвое.**

**Любовь РОВБА,**
Астана

Такие данные озвучены на совещании Правительства Казахстана под председательством Премьер-министра РК Алихана Смаилова, посвященном мерам по развитию ТМТМ.

В частности, отмечено, что благодаря активной работе на казахстанском участке маршрута время прохождения транзитных грузов по территории республики по сравнению с прошлым годом сократилось в два раза – с 12 до 6 дней. И это еще не предел. По итогам 2023 года данный показатель планируется довести до пяти дней.

В целом срок доставки грузов из Китая до портов Черного моря в рамках ТМТМ уже снизился с 38-53 до 19-23 дней, а по итогам текущего года должен достичь 14-18 дней.

В рамках мер, направленных на дальнейшую модернизацию инфраструктурных мощностей на маршруте, обсуждены проекты порта Актау по созданию контейнерного хаба, обновлению парка перегрузочной техники и восстановлению нефтеналивных причалов.

Кроме того, в порту Курык планируются строительство нового причала, запуск многофункционального и зернового терминалов. Ожидается также, что на Каспии до 2030 года начнут функционировать 10 нефтеналивных барж, восемь паромов, шесть танкеров и контейнеровоз.

## Дорогие труженицы и ветераны стальной магистрали!

*Поздравляю вас с Международным женским днем 8 Марта. Этот весенний праздник символизирует все лучшее, что отличает прекрасную половину человечества, – красоту, доброту, нежность, заботу и саму жизнь!*

*Сегодня невозможно представить устойчивую работу АО «НК «ҚТЖ», перевозку грузов, организацию безопасного движения, создание комфортных условий для пассажиров на вокзалах и в поездах без вашей энергии, трудолюбия и творчества. Работая на ответственных должностях в разных подразделениях компании, вы непрерывно стремитесь к совершенству, добиваетесь успехов и вдохновляете коллег на новые достижения.*

*Особое внимание хочу уделить железнодорожницам – ветеранам отрасли, которые своим многолетним трудом, мудростью и опытом внесли весомый вклад в развитие стальной магистрали Казахстана.*

*Дорогие наши женщины, от всей души хочу пожелать вам счастья, здоровья, успехов в любых начинаниях, наполненных яркими и праздничными красками дней! Пусть работа приносит радость и удовольствие, а атмосфера весны и счастья всегда царит в вашей душе!*

***Оразгали АХМЕТБАЕВ,***
***председатель***
***ОО «КАЗПРОФТРАНС»***

№17-18 (2834-2835) 07/03/2023

# АПАТТЫҢ СЕБЕБІ АНЫҚТАЛУДА

**Ардан СЕРДАЛЫ,**
Ақтөбе

ОҚИҒА

**Жексенбі күні Ақтөбе өңіріне қарасты Бершүгір станциясында маневрлік локомотив «Бішкек-Самара» пойызымен соғысып, оқыс жағдай орын алды.**



Халықаралық бағыттағы пойыз вагондары рельстен шығып кетіп, алты сағатқа жуық кідірді. Станцияда пойыз жолаушыларына ыстық тамақ ұйымдастырылып, олар басқа құраммен аттанып кеткенше жағдай жасалды.

«Оқыс оқиға 5 наурыз күні сағат 10:20-да тіркелді. №317 жолаушылар пойызының тепловозы және 1 және 2-вагондарының үш доңғалақты жұбы рельстен шығып кетті. Оқиға орнына Қазавиақұтқару тікұшағы мен қалпына келтіру пойыздары шұғыл жетті» деп хабарлады өңірдегі төтенше жағдай департаменті.

Рельстен шығып кеткен пойызда 200-ден астам жолаушы болды. Оның ішінде Қырғызстан, РФ және Қазақстан азаматтары бар. Жолаушыларды дәрігерлер қарап шықты, зардап шеккен жоқ. Жергілікті әкімдіктің ұйымдастыруымен ауыл азаматтары теміржол бойына қазан-ошақ қойып, жолаушыларға ыстық тамақ дайындап үлестірді. ТЖД-нің хабарлауынша, Бішкек – Самара бағытындағы пойыз сағат 16:05-те қайта қозғалған.

Апатты оқиға Қандыағаш станциясындағы Желілік полиция бөлімінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру бірыңғай реестріне алынды. Іс Қылмыстық Кодекстің 344-бабы 1-бөлігімен қозғалды, яғни теміржол көлігі жүрісі немесе оларды пайдалану қауіпсіздігі қағидаларын бұзу бойынша тіркелді. Апаттың себеп-салдарын арнайы комиссия анықтайтын болады.

*Суретті түсірген автор*

# АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗДІ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

АКЦИЯ

**Ел шығысында желі бойындағы қауіпсіздікті күшейту жұмыстары жыл басынан бастап мықтап қолға алынуда. Небары екі айдың ішінде бірқатар акциялар мен рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылды. Жуырда «Көліктегі қауіпсіздік» атты тағы бір акция өтті.**



Мақсат – теміржол бойындағы жасөспірімдер бұзақылығына жол бермеу, балалардың әсіресе түнгі мезгілде бейсауат жүрмеуін қадағалау, сонымен қатар жас буынның желі бойында апатқа түсіп, жарақаттануларын болдырмау болатын.

Бұл орайда Семей станциясындағы желілік полиция бөлімінің тәртіп сақшылары жергілікті теміржолшылармен бірлесе отырып, желі бойына таяу орналасқан оқу орындарында болды. Кездесулер өткізіп, онда қылмыстық-процессуалдық және әкімшілік кодекс бойынша түсінік беру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, үш мектеп және бір колледжде, көптеген еңбек ұжымдарында лекциялар оқылды. Бұл шаралармен қоса, вокзалдарда және жекелеген станциялар тұрғындарымен кездесулер өткізіліп, желі бойындағы қауіпсіздік шаралары бойынша мол мағлұматтар берілді.

Сол тәрізді бес мәрте жолаушылар пойызында жиын ұйымдастырылып, түсінік беру жұмыстары жүргізілді. Желі бойындағы қайғылы жағдайлардың алдын алу тақырыбы аясында теміржол мекемелері қызметкерлерімен дөңгелек үстел басқосулары да ұйымдастырылды.

Өкінішке орай, мұндай шаралар жиі өткізілгенімен, кемшіліктер қатары азаяр емес. Мәселен, аталмыш акция аясында өткізілген 6 рейдтік шара кезінде 62 құқықбұзушылық фактілері тіркеліпті. Олардың арасында жасөспірімдердің үлесі көп. Олармен профилактикалық жұмыс, ал ата-аналарымен әңгімелесулер өткізілді.

Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақыттары да тұрақты түрде жүргізілетін болады. Семей магистральдық желі бөлімшесі басшылығының қолға алуымен желі бойындағы қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, бұрын-соңды болмаған деңгейдегі жұмыстар жүргізілуде. Оған құмажолдар бойындағы қараусыз жайылған мал мен теміржолды белгіленбеген жерден кесіп өтетіндердің жолын кесу сынды шаралар кіреді.

*Суретті түсірген автор*

# НӘЗІК ЖАНДАР ҰЖЫМЫ

**Мереке қарсаңында кіл қыз-келіншектерден құралған ұжымның есігін қақтық. Темір-терсектің ортасында жүрсе де нәзіктігін жоғалтпаған асыл жандар вокзал шаруашылығын ұршықша иіріп отыр.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Шалқар






Шалқар темір жол вокзалы – теміржолшылар қалашығының қақпасы іспеттес. Бірі келіп, бірі кетіп жатқан нөпір халықтың жағдайын жасап, қауіпсіздігін қадағалап, тазалық пен тәртіпті реттеп отырған ұжымның жұмысымен таныстық.

Сонау 1904 жылы іргетасы қаланған тарихи ғимарат әлі күнге сыр бермеген.

«Біз ең алдымен вокзалда тазалық пен тәртіптің болуын қатаң қадағалаймыз. Жолаушыларға қызмет көрсететін қызметкерлеріміздің киім киісі, жүріс-тұрысы, жұртшылықпен қарым-қатынасы түзу болуы тиіс», – деді бізбен әңгімесін бастаған вокзал бастығының кезекші көмекшісі Жанат Махамбетова.

Шалқар вокзалы тәулігіне 300-ге жуық адамға қызмет көрсетіп, 15 жұп пойызды қабылдап-жөнелтеді. Вокзал кассасынан күніне 200-300 адам билет алады. Жолаушыларға қызмет көрсететін 20-дан аса қызметкері бар. Олар: вокзал кезекшілері, анықтама бюросының мамандары, дикторлар, кассирлер. Басым көпшілігі – ұзақ жылдан бері осы жерде жұмыс істеп келе жатқан мамандар.

Вокзал бастығының кезекші көмекшілері Жанат Махамбетова мен Әсел Сембаева жасалып жатқан жұмыспен таныстырып шықты. Қыздарға ілесіп, вокзал аумағын шарлап шықтық. Пойыздардың келіп-кету уақыты жөнінде ақпарат беретін таблосынан бөлек, радио хабарлағышпен тұрақты ақпарат таратылып отырады. Анықтама бюросы жұмыс істеп тұр. Жолаушыларға арналған күту залы тап-тұйнақтай. Айтуларынша, жолаушылар көбіне пойыздарға қатысты ақпарат, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қатысты жеңілдіктер сұрайды. Билеттерді кері қайтару, рәсімдеу туралы мәліметтерді береді. Мүгедектердің жүріп тұруына да ыңғайлылық жасалған.

«Қыстың күні жұмыс көбейеді, жолаушылар пойызға мініп түскенде тайып құламау үшін перронды қар мен мұздан тазалаймыз, ғимараттың жылы болуын қадағалаймыз. Алты ай сайын еңбек қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігіне тест тапсырамыз», – дейді вокзал бастығының кезекші көмекшісі Әсел Сембаева.

Әйелдер патшалығынан көтеріңкі көңіл күймен аттандық.

*Суреттерді түсірген автор*

# КӘСІПОДАҚ ЕСЕП БЕРДІ

КОНФЕРЕНЦИЯ

**Маңғыстау қосалқы бөлімі кәсіподақ ұйымының конференциясында өткен жылғы жұмысы туралы есебі мен ұжымдық шарттың орындалуы қаралды. Сонымен қатар өткен жылғы кәсіподақ жарнасының жұмсалуы бойынша тексеру комиссиясының баяндамасы тыңдалды.**



**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Бүгінде кәсіподақ ұйымына мүше теміржолшылар саны 1893 адам. Онда 9 өндірістік кеңес, 10 техникалық инспектор, 17 цехтық, 20 топтық кәсіподақ ұйымы жұмысшылар мүддесі үшін қызмет етуде. Жиын барысында белгілі болған жақсы жаңалықтардың бірі аталған мерзім ішінде жұмысшылардың бірде-бірі жұмыстан қысқартылмағанын және жұмысшылардың тарифтік мөлшерлемесі біржолғы көтерумен теңестірілгенін ерекше атап өтуге болады. Яғни төмен жалақы алатын қызметкерлердің табысы айтарлықтай өскен. 2-9 разряд аралығындағы жұмысшылардың жалақысы 40 мың теңгеге, 10-13 разряд аралығында 35 мың теңгеге, ал 14-19 разрядтар үшін 30 мың теңгеге көбейген. Жұмыс өтіліне байланысты қызметтік жалақы мөлшері қайта қаралып, жұмысшылардың жалақылары қайта есептелген. Былтырғы 1 шілдеден және 15 қазаннан бастап, бұрыннан қалыптасқан аймақтық «учаскелік» коэффиценттен облыстық коэффицентке сатылы түрде өткізілген. Нақтылай түскенде бір облыс ішінде бірыңғай аймақтық коэффицент қолданылатын болған.

Жұмысшылар игілігі үшін жүзеге асырылған осындай әлеуметтік маңызы ерекше мәселелер жайын қозғаған кәсіподақ төрағасы Әзірбай Тұрмағанбетов осы мерзім ішінде ұжымдық шарттың орындалысын бақылап, жұмысшылардың өтінішін, талап-тілектері жүзеге асуы үшін мүмкіндікке сай жұмыс істегендерін атап өтті.

– Ұжымдық шарттың орындалуы, еңбек заңдылықтарының сақталуы, еңбек қорғаудың ұйымдастырылуы, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік жағынан қорғалуы басты назарда ұсталды. Оның ішінде үлкен цехтық ұйымдар мен топтық кәсіподақ ұйымдары, сондай-ақ ұжымдық шарт міндеттерін мінсіз орындауы тиіс кадр, есеп, экономика бөлімдерінің жұмысы комитет бекіткен жылдық жоспарға сай тыңдалып келді. Комитет жыл сайын шағын станция мен бекеттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары жайлы анықтама-талдау дайындап, орындалысы туралы тиісті орындарға жеткізіп келеді. Жалпы кәсіподақ комитеті жұмысшылардың уақытылы еңбек демалысына шығуын, жеке еңбек шартының бұзылмауын, тәртіптік шараның орынды берілуін қадағалайтыны белгілі. Рас, 2022 жылы жұмысшылардың уақытылы еңбек демалысына шығуында өндірістік жұмысқа орай ауытқушылықтар кездесті, ол уақытында қаперге алынды. Жұмысшы-қызметкерлерге де қолданылатын тәртіптік шараның заң шеңберінде берілгені қадағаланды, – деді өз сөзінде кәсіподақ жетекшісі.

Өткен жылы бөлімшенің жалпы шаруашылық шығыны 272 млн теңгені құраған. Олар балалар лагеріне жолдама үшін, жұмысшылардың теміржол көлігіндегі жол жүру шығыны, 8 наурыз мерекесіне орай қыз-келіншектерге біржолғы сыйақыға, мерейлі жасқа толған теміржолшыларға салалық жәрдемақы үшін, ерте зейнетке шығу төлемақысы, сауықтыру шипажайлары мен балалы болғандарға, үйленгендерге, зейнеткерлер мен мүгедек жандарға, қайтыс болғанда берілетін жәрдемақы, т.б. жұмсалған.

Аймақтағы жұмысшылар еңбек қорғау бойынша көрнекі құралдармен, радиостанциялармен, жұмыс орындарында салқындатқыш, жылытқыш, қысқатолқынды пеш, электр шәйнектері секілді жабдықтармен және жеке қорғау құралдарымен, арнайы жұмыс киімдерімен мүмкіндігінше қамтылған. Сонымен қатар есептік кезең ішінде кәсіподақ ұйымы шалғай, шағын станция, бекеттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары жөнінде анықтап, талдау жасаған. Бұл бағытта кейбір шешімін күткен әлеуметтік-тұрмыстық, өндірістік мәселелер Орталық Кеңеске жолданып, оң нәтижеге қол жеткізілген. Айта кетсек, бастауыш мектебі ғана бар №10 бекетте тұратын теміржолшылардың Сай-Өтес станциясындағы мектепке қатынайтын балалары үшін ай сайын Ұжымдық шартқа сәйкес жолақысы төленетін болған. Ал ауысыммен кезекшілікке келетін жұмысшылар мен Сай-Өтес мектебінде оқитын оқушылар үшін «Маңғыстау-Ақтөбе» пойызының тоқтап, ала кетуіне қол жеткізу – кәсіподақты алаңдатып отырған басты мәселелердің бірі. Бұл жайында тиісті орындарға хабарланып, шешімі күтілуде екен.

– Сондай-ақ алдағы уақытта Болашақ станциясындағы теміржолшылардың тұрғын үйлерін жекешелендіруді жергілікті әкімшілікпен бірлесіп шешу, Жаңаөзен қаласынан теміржолшылардың жұмыс орнына жету үшін қоғамдық көліктің жоқтығы, т.б. мәселелер кәсіподақтың күн тәртібінде тұр, – дейді кәсіподақ төрағасы Ә.Тұрмағанбетов.

Конференцияда айтылған басқа да ұсыныс-тілектер қаперге алынып, хаттамаға енгізілді. Жалпы кәсіподақ жұмысына оң баға берілді.

*Суретті түсірген автор*

# ӘКЕЛЕР ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН...

**Тараз көлік және коммуникация колледжіне осы кәсіптік оқу орнының түлегі, даңқты теміржолшы болған Сергей Египконың немерелері Ресейдің Самара қаласынан арнайы келіп, қонақ болды.**

**Ерман ӘБДИЕВ,**
Тараз



Сергей Египконың немерелері Елена мен Сергей аталарының еңбек жолымен танысып, балалық шақтарында аталарына қонаққа келгенде өздері куә болған қызықты оқиғаларды еске алды.

Сергей Египко – паровоз машинисі мамандығы бойынша 1936 жылғы ФЗУ мектебінің түлегі. 1941 жылы майданға аттанып соғысқа қатысады. Ал 1946 жылдан бастап ЖУ-1-де оқу-өндіріс шебері, № 88 қалалық кәсіптік техникалық училищесінде аға шебері болып жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысының ардагері, ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған, ҚазССР-нің «Кәсіптік білім беру саласының үздігі» атанған тәлімгер.

Сол кездегі училищеде шығармашылық үйірмесіне жетекшілік еткен Сергей Яковлевич шәкірттерімен бірлесе отырып, Ұлы Отан соғысының 40 жылдығына орай металл бұйымның бетіне Ұлы Отан соғысының жауынгері бейнеленген ескерткіш жасаған. Қазіргі таңда бұл шығармашылық жұмыс колледждің мұражайында орын алған.

Сондай-ақ, Сергей Яковлевичтің ұлы Константин да әкесі оқыған, қызмет еткен оқу орнында суретші болып жұмыс істеген. Немересі Елена Константиновнаны әкесінің де өткен өмір жолы қызықтырып, салған суреттерімен қауышуда. Ресейден келген жас саяхатшылармен кездескен колледж ұжымы олардың сапарына қолдау білдіріп, сәттілік тіледі.

*Суретті түсірген автор*

№17-18 (2834-2835) 07/03/2023

## Интервью

**Сегодняшняя наша героиня – стратегический сотрудник АО «НК «ҚТЖ», безусловный лидер, вдохновитель с лучезарной улыбкой, руководитель филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Многофункциональный центр обслуживания» Наталья Курьянова. В преддверии весеннего женского праздника мы задали несколько интересных вопросов яркой представительнице слабого пола о трудовых буднях, достижениях, планах на будущее.**

# ЖЕНСКОЕ ЛИЦО МАГИСТРАЛИ

**– Наталья Иосифовна, расскажите, пожалуйста, как Вы начали трудовую деятельность на железной дороге и почему сделали такой выбор? Ваше будущее Вы также видите связанным с магистралью?**

– Трудовая деятельность моих близких тесно связана с железной дорогой. Начиная с дедушки Николая, который работал в ПЧ механиком-наладчиком, бабушка Лидия – фельдшером-акушером в железнодорожной амбулатории, родители также были железнодорожниками. После окончания 8-го класса я планировала продолжить дальнейшее обучение в школе, но наткнулась на объявление в газете «Стальная магистраль» от 29 июня 1989 года о приеме учащихся в Актюбинский техникум железнодорожного транспорта на бухгалтерский учет. Кстати, до сегодняшнего дня у меня сохранилась эта газета. Это был первый набор по данной специальности. Не знаю, что меня сподвигло забрать документы из школы, но я решилась. Отбор был жесткий, желающих поступить на новый факультет было много. И вот я – студентка первого курса АТЖТ, в группе 33 девочки и три мальчика. В основном все дети из семей железнодорожников. В июне 1992 года, окончив с отличием, вернулась в родной поселок, и уже 7 июля меня приняли бухгалтером в 6-ю дистанцию службы пути! Дальше предстояли тяжелый труд, опыт, повышение квалификации, учеба в вузе. За годы работы в ҚТЖ я ни разу не пожалела, что выбрала железную дорогу и свою профессию.

Что касается моих планов… ҚТЖ – самая большая компания в стране, и благодаря ей я получила неоценимый опыт работы в различных сферах. Проработав большую часть жизни на «железке», мне тяжело было бы принять решение о смене сферы деятельности. Как говорят железнодорожники, «небо могут закрыть, реки пересохнуть, а железная дорога будет работать всегда».

**– Вы прошли все ступени карьерного лифта в классическом его виде: работали в ПЧ, далее в НЖС и ЦЖС. В настоящее время Вы руководитель одного из самых крупных филиалов ҚТЖ. Каким был этот путь: тернистым или все шло легко?**

– Прежде всего хочу выразить благодарность компании за доверие. Думаю, что полученный опыт с линейного уровня и упорство позволили мне понимать большинство бизнес-процессов на каждом из этапов карьеры. Оглядываясь назад, могу сказать, что путь был совсем не легким, но любовь к работе помогла преодолеть все трудности.

**– Коллектив, который Вы возглавляете по масштабам филиала, большой, как Вы мотивируете персонал? Есть ли у Вас собственные методы повышения эффективности и вовлеченности работников?**

– К счастью, мне всегда везло работать в очень дружных и сплоченных коллективах. В настоящее время филиал вместе с приписным штатом насчитывает более чем 1 500 сотрудников. И большинство моих коллег трудолюбивые и сплоченные. Мой главный принцип работы – открытость к каждому сотруднику. Несмотря на большую нагрузку, я всегда готова выслушать и помочь, дать совет, каждый может обратиться ко мне. Мы стараемся не забывать о поддержании коллективного духа – проводим тимбилдинги, в перерывах между работой играем в различные интеллектуальные игры.



С недавних пор каждую неделю устраиваем «цветную пятницу». Коллектив, в том числе региональные сотрудники, одеваются в одинаковый цвет и каждое подразделение готовит видеоролики с креативным сценарием. Наиболее понравившийся большинству видеоролик мы объявляем победителем, и они выбирают цвет на следующую пятницу. «Цветные пятницы» раскрыли многие таланты коллег.

**– Эксперты говорят, что бухгалтера в ближайшие 10-20 лет смогут заменить IT-технологии. Как Вы думаете, это действительно так?**

– Из-за того, что многие процессы централизованы в нашем филиале, имеется большая нагрузка на сотрудников. Мы стараемся развивать IT-технологии и автоматизацию бизнес-процессов, чтобы коллеги не «задыхались» в рутине. Но важно понимать, что никакая система не может заменить возможность развития сотрудников для решения аналитических задач. Также часто меняется законодательство, локальные акты и автоматизация без вмешательства компетентных сотрудников бесполезна.

**– Какие они, женщины ЦФО?**

– Почти 80% нашего штата состоит из представительниц прекрасного пола. На данный момент списочная численность 1 548 человек, из них женщин – 1 190. Основная черта наших женщин – трудолюбие, ответственность, порядок не только в учете, но и дома. И, конечно, железная дисциплина. За годы работы на железной дороге не было сорвано ни одного отчета, несданной декларации, невыполненного поручения. Каждая из сотрудниц индивидуальна, позитивна, уверенна, умна, да и просто красавица! Других в ЦФО попросту нет!

**– В АО «НК «ҚТЖ» в ноябре 2016 года состоялось торжественное открытие Многофункционального центра обслуживания (ЦФО). Что за эти годы изменилось в работе центра? Какие есть достижения?**

– Мы являемся первооткрывателями ОЦО в стране. Многие компании перенимали и учитывали наш положительный опыт при создании своего ОЦО. В настоящее время мы находимся на этапе активного развития. Сейчас структура собственного штата состоит из девяти подразделений в Астане и 12 региональных подразделений, 33 подразделений приписного штата. Основным нашим показателем является количество обслуживаемых сотрудников. Так, в 2016 году в рамках «пилота» мы обслуживали не более шести тысяч сотрудников филиалов узла Астаны, в 2017 году уже обслуживали все структурные подразделения ҚТЖ, общий штат обслуживаемых сотрудников – более 46 тысяч. Сейчас в части кадрового делопроизводства мы обслуживаем дочерние организации, а это уже более 80 000 человек, и это все без увеличения сотрудников основного штата ЦФО. К сожалению, настоящее Законодательство РК не позволяет нам обслуживать в части бухгалтерского учета дочерние организации. Поэтому одной из глобальных целей стоит изменение Законодательства РК для того, чтобы у нас была возможность обслуживать дочерние организации не только в части HR, но и в части бухгалтерского учета. Я считаю, что это позволило бы сконцентрироваться организациям на основной деятельности, а не на рутинные процессы.

**– Какую роль играет ЦФО в реализации Программы трансформации бизнеса компании?**

– Прежде всего ЦФО является одним из успешных проектов Программы трансформации бизнеса. ЦФО создан для достижения эффекта масштаба в выполнении рутинных процессов посредством использования единых подходов и унифицированных IT-систем. Повторяющиеся вспомогательные бизнес-процессы выведены из каждого филиала и концентрируются в едином центре. Это дает возможность освободить руководителей филиалов от управления функциями, не имеющими прямого непосредственного отношения к производственному процессу. Все вместе дало следующие эффекты: структуры, обслуживаемые ЦФО, сосредоточили свои усилия на основной деятельности; внедрена единая учетная информационная база; повышен профессиональный уровень в процессах бухгалтерского, налогового учетов и кадрового администрирования; унифицирована и формализована первичная документация; появилась возможность быстрого реагирования на изменения в Законодательстве РК и локальных актах компании; сокращены сроки подготовки финансовой отчетности.

**– Именно про таких людей, как Вы, говорят «многостаночница»: успеваете все и везде, гармонично сочетая, оставаясь при этом красивой и хрупкой девушкой. Как вам это удается? Опишите свой обычный день…**

– Я стараюсь развивать тайм-менеджмент и четкое разделение времени на семью и работу. Главная ценность для меня – семейные отношения. Каждое утро я делаю все, чтобы у моей семьи день начинался с чашечки кофе и хорошего завтрака. Счастливая семья – залог успеха, плодотворного рабочего дня. На работе дни проходят очень динамично. Структура ЦФО состоит из множества различных по функционалу подразделений, и приходится детально погружаться в процессы для принятия правильных решений. Порой участвую в нескольких различных по тематике совещаниях одновременно, не упуская ничего в каждом из них. А после работы я нахожу время для здоровья, тренировки в зале являются для меня неотъемлемой частью жизни.

***– Благодарю Вас за очень интересную беседу!***

**Беседовала Асель ШАЙХЫНОВА,**
*Астана*
*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ДЕМБЕЛЬСКИЙ АККОРД ЗИМЫ

СНЕГОБОРЬБА

**Зима в Уральском регионе выдалась неравномерная, то снег и мороз, то оттепель и гололедица, но февраль изрядно повьюжил, доставив немало хлопот уральским путейцам. С начала года очищено в общей сложности 2 984 километра пути, вывезено более 12 650 кубометров снега.**

**Анна МАРЬИНА,**
Уральск

В столь сложных метеорологических условиях Уральские железнодорожники сумели обеспечить практически бесперебойную работу подвижного состава своими силами. Согласно оперативному плану по снегоборьбе, по мере необходимости в связи с обильными снегопадами для снегоуборки привлекаются работники всех предприятий отрасли Уральского региона.

На участке от станции Семиглавый Мар и границы РФ до станции Чингирлау до границы РФ протяженностью 318 километров работниками Уральской дистанции пути (ПЧ-1) в круглосуточном режиме работали шесть единиц техники – три снегоуборочные машины СМ-2 и три снегоочистительные машины СДПМ. Для очистки перегонов используется однопутный плуговый снегоочиститель СДПМ с отбросом снега в обе стороны пути. Очистка путей от снега велась непрерывно на 25 раздельных пунктах, включая 348 стрелочных переводов и 112 закрестовинных кривых.

Было задействовано шесть сменных бригад из числа машинистов и помощников, в штатном режиме работали 164 монтера пути, 19 мастеров пути и 9 бригадиров ПЧ-1, а при необходимости при-



влекались и сотрудники всех причастных организаций. Также дежурными работниками на 12 охраняемых переездах очищаются от снега и льда 10-метровые площадки и переездные настилы, обеспечивая безопасность движения поездов. Задержек подвижного состава и нестандартных ситуаций по вине Уральских железнодорожников не допущено.

С начала года по сегодняшний день очищено и вывезено более 12 640 кубометров снега, задействованы шесть сменных бригад из числа машинистов и помощников ПЧ-1. Участвуют также водители автотранспорта и другие работники.

*Фото автора*

## СОХРАННОСТЬ ЛЮДЕЙ И ГРУЗОВ

**Любовь РОВБА,**
Мангистау

СОВЕЩАНИЕ

**Реализацию «Дорожной карты по повышению уровня безопасности и сохранности имущества на железной дороге РК» обсудили на совещании в Мангистау.**



В мероприятии приняли участие руководители и работники железнодорожных организаций, станции Мангистау, портов Актау и Курык, транспортной прокуратуры и авиакомпаний.

На совещании особое внимание уделено мерам по обеспечению сохранности перевозимых грузов, а также безопасности пассажиров на вокзалах и в пути следования.

С этой целью в рамках «дорожной карты» локомотивы оборудуются видеорегистраторами наружного и внутреннего наблюдения – в течение 2023-2024 годов планируется охватить все локомотивы АО «НК «ҚТЖ». На вокзалах, перронах, в вагонах-ресторанах и вагонах-барах устанавливаются видеокамеры.

Кроме того, планируется увеличить количество вагонных весов в станционных парках, предназначенных для взвешивания подвижного состава.

– Необходимо укреплять совместную работу по пресечению преступлений на железнодорожном транспорте в Мангистауской области, граждане должны чувствовать себя в полной безопасности, – отметил начальник департамента полиции на транспорте Бакитжан Малыбаев.

Он поставил руководителям линейных подразделений на станции Мангистау задачу усовершенствовать профилактические мероприятии по обеспечению надлежащей охраны общественного порядка, предупреждению и пресечению правонарушений.

Железнодорожники в свою очередь рассказали о профилактических мероприятиях по снижению количества наездов на людей и скот.

*Фото автора*

## ОЗДОРОВЛЕНИЕ ПУТЕЙ — ПРИОРИТЕТНАЯ ЗАДАЧА

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

РЕМОНТ

**В текущем году в Карагандинском отделении магистральной сети разработана и утверждена «дорожная карта» с планом ремонтных работ по оздоровлению станций.**



По словам руководителя НЖС-4 Нурлана Мусабаева, на сегодняшний день на станции Мырза запланирована переукладка рельс с Р50 на Р65. Работы предназначены на участках пути, где стыкуются разнотипные рельсы. Кроме того, намечено усиление балластной призмы с асбеста на щебень на 9-м пути. Эти работы поспособствуют укреплению балластной призмы железнодорожного пути на строящихся участках железнодорожных магистралей, а также при перекладке или смене элементов верхнего строения пути. На данном участке капитальный ремонт пути предусматривает сплошную смену рельсов и скреплений новыми, более мощными или того же типа, замену стрелочных переводов, лежащих на главных путях, сплошную смену шпал новыми железобетонными или деревянными с доведением их количества до установленного для верхнего строения пути. Немаловажной операцией является усиление пути в кривых радиусом 1 200 метров и менее за счет увеличения количества шпал и уширения балластной призмы, а также полная очистка щебеночного балластного слоя, замена загрязненного асбестового или гравийного балласта или постановка пути на балласт с более высокой несущей способностью.

– На станции Жана Караганды ожидаются ремонтные работы с усилением железобетонных шпал, вырезка загрязненного балласта с постановкой на щебень. Все вышеназванные операции осуществляются с применением спецтехники – «DESEC», «Unimat MF». Эти высокопрочные передвижные устройства выплавляют, подбивают и рихтуют железные дороги в продольном и поперечном профиле. Спецтранспорт необходим для содержания железных дорог в надлежащем состоянии и для текущего ремонта железнодорожных путей, – резюмировал Нурлан Мусабаев.

*Фото автора*

№17-18 (2834-2835) 07/03/2023

# ҚЫРЫҚ ҚЫЗ

**Қырық қыз... Мәңгілік өмір іздеген Қорқыт баба қобызының сарынына елтіп түрікмен елінен сапарға шыққан қырық қыздың Сырдария жағасына келіп жететін ерлігіне арқау болған дастан, болмаса елін жаудан қорғау үшін мүсінге айналған Сайрамдағы қырық қыз хикаясы, Түркістанның ноғайлы еліндегі «Қырық қыз» эпосы – бәрі де әйелдердің батырлығы мен бекзат болмысын паш етеді.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Алайда, біздің бүгінгі кейіпкерлеріміздің жөні басқа. Олар тау қопарып, жауды жағадан алып, жер жастандырмаса да ерлермен тізе қосып күн-түн демей еңбек етіп, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға үлес қосып жүрген Қызылорда станциясының қыз-келіншектері. Өйткені, олардың жауапкершілігі жоғары әрі аса қауіпті аймақта еңбек етуінің өзі ерлік. Мәселен, станцияға келіп тоқтаған пойыздардан вагонды ажырату, тіркеу кезінде станция кезекшісі жанындағы операторлар Индира Нағызбаева мен Айсұлу Мырзашева тізгінді қолға алып, жедел іске кіріседі. Бұл кезде Раза Байдүйсенова мен Айнұр Иманбердиеваның жүк жайындағы дерегі арқылы аға кассирлер Фарида Кеңесбаева мен Жанар Смағұлова құжаттаумен айналысады. Аға жүк қабылдап-тапсырушылар Тұмар Әлібаева, Галина Утехина, Сәуле Оралбаева мен Мәдина Тұяқбаева станцияға аялдаған вагондардан түсірілетін жүктің қай тұйыққа жөнелтілгені, одан түскен қаражат есебін құжаттап отырады.

– Біздің станцияда түрлі мамандықта жұмыс істейтін қыз-келіншектер баршылық, атқаратын жұмыстары өте жауапты әрі маңызды. Барлығы өз кәсіптерін толық меңгерген әмбебап теміржолшылар, бекетке белгіленіп берілген өндірістік жұмыс көрсеткіштерінің уақытылы орындалуына үлес қосып жүрген нәзік жан иелерін еркелетіп «Біздің қырық қыз» дейміз, өз кәсіптерін ұршықтай иіріп отырған бұл қыздар жігіттер секілді жүк вагондарын ажыратып-қосып, құрастырмаса да олардан бір мысқыл да кем жұмыс атқармайды, – дейді станция бастығының орынбасары Алмас Ұзақбаев.

Ол жоғарыда аты аталған қыз-келіншектерден бөлек пост операторы Гүлнар Мулдашова, жүк сақтаушылар Бақыт Айменова мен Бота Қуанова, тауар кассирі Гауһар Ермекова, Ұлдар Аймаханова, Апипа Ерешова, Гүлістан Искакова, Мира Филипова, Жақсыгүл Жүнісова мен тауар кеңсесінің бастығы Гүлнар Мұсаевалардың ерен еңбегін ерекше атап өтуімізді сұрады.

Бізге дейін аңыз болып ауыздан ауызға тараған жүректі батыр қыздар, ақылды арулар, айдай көркімен әлемді аузына қаратқан сұлулар жайлы жазылған дастандар, аңыз әңгімелер, тарихи шығармалар аз емес. Қазіргі таңда сол шығармалардың сарыны ретінде бейбіт өмірде ерлермен қатар еңбек етіп ел қазынасын толтыруға үлес қосып жүрген әйел затын қалай құрметтесек те жарасады. Соның ішінде қауіп-қатері басым теміржол саласында еңбек етіп, әрі отбасында асыл жар, аяулы ана рөлін атқарып отырған нәзік жан иелерінің орны бөлек. Қызылорда станциясында еңбек ететін қырық оның жарқын мысалы.

*Суретті түсірген автор*

# ЖҮРДЕК ПОЙЫЗ БАСТЫҒЫ

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалының Алматы телімінде қызмет ететін Сәуле Қыдырәлиева – 20 жылдан бері жүрдек пойыз бастығы болып жұмыс істейді. Саладағы жұмыс өтілі ширек ғасырдан асатын кейіпкеріміз Қазақстанға келген алғашқы «Тальго» пойызының бригадасын басқарған.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

Жалпы, Сәуле Кенжеханқызының 3 салада білімі, соған сәйкес дипломы бар. Алдымен медициналық, сосын заң саласында білім алған, үшінші таңдауы теміржолға түсті. 1998 жылы теміржолдағы қызметін жолсерік болып бастады.

– Бұл салаға неге тұрақтадым? Себебі мұнда қайнаған өмір бар, күн сайын жаңа адамдар, түрлі тағдыр иелерімен кездесесің. Мен сияқты көпшіл жанға осы мамандық қолайлы екен. Жолаушылардың сұраныс-тілегіне құлақ түріп, жағдайын жасай жүріп алғыс алған ұнайды. Оның үстіне теміржолшы мамандығы сұранысқа ие, беделді кәсіп. Ғаламдық экономикалық өзгерістерге қарамастан теміржол көлігіне деген сұраныс ешқашан кемімейді. Менің өмірімде 2003 жылдың 13 қыркүйегі мәңгі есте қалды, себебі сол күні елорданың теміржол вокзалынан Алматыға қарай сол кездегі Президенттің қатысуымен алғашқы «Тальго» пойызы жолға шықты. Сол рейсте мен пойыз бастығы ретінде қызметімді бастадым. Президентпен бірге алғашқы жүрдек пойыздың лентасын қию маған бұйырғаны – мен үшін мақтаныш. Содан бері тапжылмай осы пойыздағы басшылық қызметімді жалғастырып келемін. Кәсіби біліктілігімді бағалап компания «Адал еңбегі үшін» медалімен және көптеген Алғыс хаттар, Құрмет грамоталарымен, сонымен қатар «Үздік пойыз бригадасы-2014» аталымы бойынша марапаттады, – дейді Сәуле.

Бірнеше жыл бұрын жолдасынан айрылған оның бір ұл, бір қызы бар. Қызы Диана өзінің жолымен жолсерік болды. Ұлы мемлекеттік қызметте. Бос уақытында кейіпкеріміз Алматы қаласындағы еріктілермен бірге қоғамдық жұмыстарға араласады. Экобелсенділігімен, саяхатшылдығымен көзге түскен ол спорттың командалық түрлеріне де қатысып, салауатты өмір салтын ұстанады. Аккордеонда, синтезаторда ойнайды. Бау-бақша өсірумен де айналысады. Компания құндылықтарын насихаттап, ютуб арнасын жүргізеді.

Алғашқы медициналық мамандығы бойынша медбике және фельдшер ретінде 10 жылдай жұмыс істегендіктен оның бұл білімі пойыз үстінде де денсаулығы нашарлаған жолаушыларға алғашқы көмек беруде талай пайдасы тиіпті. Мәселен, былтыр



ғана пойызда қант диабетімен ауыратын жолаушыға алғашқы көмек көрсетіп, оны аман алып қалған. Келесі станцияға жетіп, жедел жәрдем жеткенге дейін оған қажетті ем-дом жасап келген. Сол үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшысы тарапынан Алғыс хатпен марапатталды.

Сүйікті кәсібін теміржолдан тапқан Сәуле Кенжеханқызы компанияда ұйымдастырылып жатқан «Менің мамандығым – менің тағдырым» атты байқауға қатысуда.

*Суретті түсірген автор*

# ҚОЗҒАЛЫС КЕСТЕСІН ТҮЗГЕН...

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында пойыздардың қозғалыс кестесін сапалы әзірлеп, тартымдық есеп айырысулар мен пойыздарды құрастыруды жоспарлау ісімен айналысатын аса маңызды құрылымдық бөлімше бар. Міне, осы бөлімшені Гүлнәр Таласпаева басқарады.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Гүлнәр Жәукенқызы – білікті басшы, тәжірибелі тәлімгер маман. Отыз сегіз жыл ғұмырын теміржолға арнаған кейіпкерімізді осы саланың «отымен кіріп, күлімен шыққан» десе болады. Өз міндетін аса жауапкершілікпен атқаратын Гүлнәр ханымның қағидасы жинақылық, тазалық, тәртіп екен. Мұны біз Гүлнәр Таласпаеваның жұмыс бөлмесіне кіргенімізде де байқадық. Қат-қат құжаттар «қыздың жиған жүгіндей» қаттаулы тұр. Жайқалып өсіп тұрған бөлме гүлдері жанға жайлы жылулық сыйлайды. Жәукенқызы қарамағындағы 35 қызметкеріне ғана емес, өзіне де талапшыл жан. Ол үшін жұмысқа қатысты мәселенің үлкен-кішісі жоқ. Бәрі де жіті назарда, бақылауға алынған. Әсіресе, стандартты емес өндірістік мәселелерді шешуде аса мұқият. Жалпы, кейіпкерімізді өзгелерден ерекшелендіретін қасиеті – оның алға қойған міндеттерді орындау жұмыстарын шапшаң және сапалы ұйымдастыруы. Бұл жағдайда оған әрдайым кәсіби деңгейін арттырып отыратын қабілеті көмекке келеді.



Гүлнәр Жәукенқызы Алматыдағы теміржол көлігі институтын «Теміржол көлігінде тасымалдау процестерін басқару» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын 1984 жылы Семей станциясында станция кезекшісі болып бастайды. Алғыр да сауатты қыз екі жылдың ішінде келешегінен үлкен үміт күттірген маманның біріне айналады. Сосын пойыз диспетчері болып тәжірибе жинақтап, Семей жол бөлімшесі бастығының техникалық жұмыс бөлімі бойынша орынбасары болып тағайындалады. Әрі қарай Алматы теміржолына қарасты Семей бөлімшесі бастығының АСУ бойынша орынбасары, Семей жол бөлімшесінің шұғыл-тарату бөлімінің бастығы сынды жауапты лауазымдарда қызмет атқарады. Кейін ҚТЖ орталық аппаратқа ауысып, 2013 жылдан тасымалдау процесін үйлестіру басқармасына басшылық етеді. 2018 жылдан бастап «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Қозғалыс кестесін әзірлеу департаментінің директоры қызметінде.

Оның жұмысының нәтижесі ретінде, барлық ықпал етуші факторларды ескере отырып жүк, контейнерлік және жолаушылар пойыздарының қозғалысын оңтайландыруды және бөлім мамандарының біліктілігі мен білім деңгейін тұрақты түрде арттырып отыруды атар едік. Темір жол көлігі саласындағы жұмыс барысында Гүлнәр Таласпаева ЦСЖТ, ОСЖД уәкілетті өкілдерінің және Қытай, Беларусь, Германия, Қазақстан, Моңғолия, Польша теміржолдары арасындағы Қытай – Еуропа қатынасында контейнерлік пойыздармен тасымалдау бойынша Бірлескен жұмыс тобының тасымалдауды және маркетингін ұйымдастыру бойынша сарапшылар тобының отырысына қатысып, төрағалық етуде. Онда ол «ҚТЖ» ҰК» АҚ мүддесін қорғап келеді. Жезқазған – Сексеуіл, Шалқар – Бейнеу, Арқалық – Шұбаркөл жаңа теміржол желілерін пайдалануға беруге қатысып, Алматы – Шу екінші жолдарының және жаңа шекаралық Алтынкөл және Болашақ станцияларының салынуына белсене атсалысты.

Ал бүгінде сол еңбектер өз жемісін беруде, әсіресе жаңа мемлекетаралық өткелдер мен желілердің бойындағы ең қысқа бағыт бойынша пойыздар мен вагондарды бағдарлау міндеттері ойдағыдай орындалды. Мұнда майталман маман Гүлнәр Жәукенқызының еңбегі ерекше.

Қазіргі уақытта желілік «тар» жерлерді жойып, дамытуға, оның ішінде Достық-Мойынты учаскесіндегі екінші жолдардың құрылысына, Алтынкөл – Жетіген учаскесіндегі Rail TMS жобасына, Тобыл – Қандыағаш учаскесін игеруге және басқа да жобаларға белсенді қатысып, сонымен қатар бірнеше трансформациялау жұмыс тобының мүшесі болып отыр. Кейіпкеріміздің қоржынында «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен қатар ОСЖД-ның 65 жылдығына орай оның дамуына қосқан үлесі үшін берілген Құрмет грамотасы мен дипломы және «Адал еңбегі үшін» төсбелгісі, мерейтойлық медальдар бар.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

**Теміржол тармақтары көбейіп, автокөліктер саны еселеп артып, қозғалыс жиілеген сайын теміржол мен автожолдар қиылысындағы өткелдерде қауіпсіздікке ерекше назар аударылады. Яғни теміржолшылар үшін өткелдер қауіпсіздігі бірінші орында деуге болады. Осы орайда өткел кезекшілерінің жауапкершілігі арта түсері анық.**

# РЫСБИКЕ – ӨТКЕЛ КЕЗЕКШІСІ

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Атырау жол дистанциясының 515-ші өткелі арқылы тәулігіне 4-5 жұп жүк пойызы өтеді. Жүк пойыздары Ақжайық станциясында сұрыпталып, қайтадан кері қайтады. Міне, осы өткел кезекшісі Аманова Рысбике станция кезекшісінің хабарламасымен және кей пойыздарды сигнал арқылы қабылдап, өткізіп отырады.

515-өткел – вокзал маңы, қаланың шет жағы болғанымен қозғалыс көп, автокөлік өте жиі жүреді. Күніне ерсілі-қарсылы жүздеген көлік өтіп, пойыздар Ақжайық станциясына күні-түні келіп-кетіп жатады. Бұл маңда кірме жолдар да көп. Соларға бару үшін пойыздар маневр жасайды, сол кезде көлік кептелісі көбейеді. Рысбикенің міндеті – пойыздарды кідіртпей өткізіп отыру. «Өтпе кезекшісі болу оңай емес. Өте жауапты жұмыс. Бүгін жұмысқа күндізгі ауысымға түстім. Жұмыс уақыты – 12 сағаттан. Жұмыс ауыр, қозғалыс қалың. Әсіресе, таңғы сегіз бен тоғыздың арасында және кешке жұмыс уақыты аяқталар кезде қалаға кіретін-шығатын көлік көп, бәрі қалаға жұмысқа барады, кешкісін үйлеріне қайтады. Біз пойыз келерден 2-3 минут бұрын жолды жабамыз. Пойыз өтем дегенше кейбір жүргізушілер сигнал беріп, шыдамы жетпей жатады. Бірақ біз үшін қауіпсіздік – ең басты талап. Оны сақтау – біздің міндетіміз», – дейді Р.Аманова.



Рысбике ұзақ жылдар Атырау жол дистанциясының Мұқыр телімінде жол жөндеуші болып жұмыс жасаған. «Жолдасым Мәлік екеуміз Қызылқоға ауданы Мұқыр станциясы теліміндегі 279-разъезде жол жөндеуші болып жиырма жылдың үстінде жұмыс істедік. Жол жөндеушінің жұмысы оңай емес екені белгілі. Соның ішінде қысы-жазы, күні-түні жол күтімін жасау әйел адамға қиын екен. Содан балалар өсіп келеді, оларды оқытып, тоқытып, болашағын ойлау керек деп 2010 жылы қалаға көшіп келдік. Мен ҚТЖ компаниясының әйел адамдарды ауыр жұмыстан шығару жайлы арнайы бағдарламасына орай осы өткелге кезекші болып ауыстым. Өткел кезекшісі болу физикалық тұрғыдан жол жөндеушіге қарағанда жеңіл деуге болар, бірақ жауапкершілігі жоғары. Әрине, зейнет жасы әйелдер үшін 58 жас болғанда, былтырдан зейнеткерлікте болар едім. Өкінішке қарай, оны созып жібергені біз секілді өмір бойына ауыр жұмыс жасағандар үшін оңай тиіп жатқан жоқ. Денсаулық сыр берді. Енді 61-ге дейін «шықпа жаным, шықпа» деп жүреміз. Зейнетке шыққанша жұмыс жасауға осылай мүмкіндік беріп, қамқорлық жасап отырған Компанияға рахмет, енді осы жерден зейнетке шығамыз деген үмітіміз бар. Алдымен бала-шағамыз аман болсын, солардың қызығын көруге жазсын. Алда 8 наурыз мейрамы, соған орай қазақ әйелдерінің барлығына бақыт тілеймін», – дейді төрт баланың анасы, немерелерінің әжесі Рысбике Аманова.

*Суретті түсірген автор*

# АЛТЫН АЛҚАЛЫ АНА

## *Арыс локомотив депосында еңбек етеді*

**Кілең ер азаматтар еңбек ететін Арыс локомотив пайдалану деposында шоғырдай бір топ қыз-келіншектер бар. Солардың бірі – біздің бүгінгі кейіпкеріміз, жылжымалы құрамды жуып-тазалайтын Тұрсынбекова Нұрбибі.**

**Сабира БАЙЗАХОВА,**
Шымкент

Міне, аттай қырық жылды артқа тастапты, теміржолдың «отымен кіріп, күлімен шығып» жүргеніне Нұрбибі Мекенбайқызының. Теміржолдағы жұмысын 1982 жылы кран жүргізуші болып бастаған Нұрбибі сосын 13 жыл лабораторияда жұмыс істеді. 2000 жылдан бастап жылжымалы құрамды жуып-тазалаушы. «Жұмыс ауыр емес пе?» деп сұрадық жанашыр көзқараспен. «Жұмыстың жеңілі бар ма, қарағым-ау?»деп сұрағымызға сұрақпен жауап берді.

– Әйел бола тұра, ер азаматтардың мамандығын кез-келген арыстық қыз таңдайды деп ойлаймын, себебі Арыс халқының жергілікті ата кәсібі болғандықтан, мынау еркектің, мынау әйелдің жұмысы демей, жаппай теміржолда жұмыс істеу қанымызға сіңген. Кезінде алдыңғы буын апаларымыз, аналарымыз бен әжелеріміз жолшы да болды, вагон қараушы, пойыз құрастырушы да болды. Олардың қасында біздің жұмысымыз ауыр ма, – дейді теміржолшы әйел.

Үлкен теміржолшы әулетке келін болып түскен Нұрбибінің өмірлік серігі Тұрсынбеков Оралбай да вагон қараушы болып зейнетке шыққанша еңбек етіпті.

Нұрбибі Мекенбайқызының қоғамдағы маңызды статусы – «Алтын алқалы» ана. 7 қыз бен 1 ұлдың анасы және бүгінде 17 сүйікті немеренің әжесі. Қызы Жанар – кәсіпкер, Мөлдір – бухгалтер-экономист, Ләззат – дәрігер, Жаңыл мен Ұлдидар – мұғалім, ал жалғыз ұлы Еламан – сәулетші мамандығында оқып жатқан студент, кіші қыздары Қарақат пен Кәусар мектепте.

– Сегіз баламда да туғасын екі айдан соң жұмысқа шығып кететінмін, бірге тұратын жылдары енем көмектесті, кейін бөлек шыққанда күйеуім




екеуміз ауысыммен жұмыс істеп, кезек-кезек қарап өсірдік қой, – дейді еңбекқор ана.

Арыс депосы (ТЧЭ-32) – жүз жылдық тарихы бар көненің көзі. «Мұндай бай депо базасы Мәскеуден соң бізде ғана болған кезінде» деп мақтан тұтады арыстықтар. Күн сайын салмағы 30-32 келіге дейін келетін локомотивтің ауыр темір құрылғылары мен тетіктерін майдан тазалап, жуып шаятын Нұрбибі апайдың ойынша тазалық жүрген жерде әйел адамның болуы – заңдылық. Бірнеше жылдан соң зейнет демалысына шығатын алтын алқалы ана кіл темір-терсектің арасында, ер-азаматтар еңбек ететін депода өткен өміріне еш өкінбейтінін жеткізді. «Жұрттың бәрі ақсаусақ болып кеңседе отырса, қара жұмысты кім істемек? Сосын қай жұмыс болса да адал нан тапқанға не жетсін, бұл жағынан келгенде күйеуім екеуміз де бала-шағаны маңдай тер, табан ақымызбен асырап жеткіздік, Құдайға шүкір...» деді.

*Суретті түсірген автор*

№17-18 (2834-2835) 07/03/2023

**Зухра Исмагамбетова работает начальником центра оперативно-технического учета локомотивного депо станции Тобол. Должность – ответственная, требует точности, оперативности, дотошности, пунктуальности – список можно продолжить.**

# ИЗ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ДИНАСТИИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай




Все эти качества присущи Зухре Кенесовне. А трудовой стаж, исчисляемый десятилетиями, тому подтверждение. На железную дорогу Зухра Исмагамбетова пришла в 1984 году по зову сердца, так как является потомственной железнодорожницей: отец – дежурный по станции, мать – дежурная стрелочного поста. Кстати, забегая вперед, стоит добавить, что все ее братья и сестры, супруг и дети также работают в железнодорожной отрасли.

Начинала трудовой путь восемнадцатилетняя Зухра в качестве оператора машиносчетной станции. Затем долгие годы трудилась оператором группы учета, и вот, начиная с 2017 года, возглавила центр оперативно-технического учета. За 38 лет работы на железной дороге Зухра Исмагамбетова твердо усвоила главное: ответственность всегда на первом месте. От каждого работника дороги зависит безопасность движения поездов. Нужно всегда помнить об этом, постоянно повышать свой уровень знаний, идти в ногу со временем и стремительно развивающимися технологиями.

– Конечно, женщине бывает тяжело, – признается Зухра Кенесовна. – Особенно трудно одновременно работать и воспитывать детей – у меня их трое. Но теперь дети выросли, дочка и два сына – все они работают на железной дороге. А я в свободное время помогаю нянчить пятерых внуков.

Помимо воспитания внуков, есть у нашей героини и другое, на первый взгляд, нетипичное для женщины хобби – она большой любитель зимней рыбной ловли.

– С раннего детства была фанатом этого занятия. Почему именно зимней? – Потому что летом комары. А зимой – нет, не холодно. Мы же ставим палатку, в палатке – печку. Вот такой своеобразный отдых на природе. Полезное с приятным, – с блеском в глазах рассказывает Зухра Исмагамбетова.

Своим хобби она «заразила» и коллег-железнодорожников. Вот уже более десяти лет ежегодно железнодорожники локомотивного депо станции Тобол в конце марта проводят соревнования по зимней рыбалке.

*Фото автора*

# НЕЖНОСТЬ И НАДЕЖНОСТЬ СТАЛЬНОЙ МАГИСТРАЛИ

**В Казахстане на железнодорожном транспорте трудится немало женщин. В АО «НК «ҚТЖ» работают более 26 тысяч прекрасных дам. Каждая из них нашла свое призвание среди множества железнодорожных специальностей.**



Работа на магистрали требует не только высокой квалификации, но и полной самоотдачи. Есть такие «неженские», на первый взгляд, профессии, как монтер пути, машинист локомотива, поездной диспетчер, электромеханик СЦБ. Женщины таких профессий рабочий день начинают с 5.45 – с планерки, прохождения инструктажа, потом они при необходимости грузят инструменты и выезжают на производственные объекты, перегоны, где наравне с мужчинами трудятся в любую погоду, сохраняя свою нежность и хрупкость. На сегодня женщины трудятся и в топ-менеджменте компании – их 14, есть руководители подразделений – более двух тысяч, специалисты – более девяти тысяч, служащие – более семи тысяч, рабочие – более семи тысяч, в том числе отмеченные высшей отраслевой наградой знаком «Почетный железнодорожник» – 35 человек.

Считаю, что женщина XXI века легко может быть эффективным управленцем. На мой взгляд, женщины более решительны, чем мужчины, в каких-либо изменениях. При трансформации бизнеса в 2014-2020 годах лидерами изменений в портфельных компаниях «Самрук-Қазына» в большинстве своем выступили женщины.

В целях развития лидерских компетенций в 2022 году в фонде «Самрук-Қазына» стартовала модульная Программа повышения доли женщин в руководящих органах компаний с государственным участием «Гендерное равенство» со сроком завершения в апреле 2023 года.

От ҚТЖ в программе принимают участие 12 женщин-руководителей корпоративного центра, филиалов, дочерних организаций.

Уверена, подобного рода развивающие программы помогут женщинам-управленцам продвигать тему гендерного равенства в системе управления на всех уровнях менеджмента (от стратегического до операционного). Уже по итогам пройденных четырех из пяти модулей для меня очевидно, что программа обучения «Гендерное равенство» даст большой толчок в развитии бизнес-мышления в Казахстане, повысит эффективность моделей управления компаний, компетенции менеджеров, качество жизни и многие другие всевозможные рейтинги безопасности, доверия, стабильности ведущих производственных компаний.

В ҚТЖ мы аналогичным образом планируем провести ряд мероприятий, направленных на развитие гендерного баланса.

Компания является самым крупным и стабильным работодателем в РК. В ҚТЖ работают более 26 тысяч женщин, что составляет 23% от общей численности работников. Будучи социально ответственным работодателем, компания заявляет о своей приверженности 17 целям ООН в области устойчивого развития (ESG), куда входит и гендерное равенство.

В конце 2022 года проведено исследование рейтингового агентства Moody's на предмет ESG в ҚТЖ. Завершилось оно определением рейтинга устойчивости «А2» (второй по величине балл по шкале агентства). Одним из критериев оценки развития стал гендерный состав органов управления и исполнительных органов по группе компаний. На текущий момент указанная доля женщин в ҚТЖ составляет 16%. В наших краткосрочных целях предусмотрено повышение доли женщин в исполнительных органах и органах управления до 25%.

Социальный пакет железнодорожников включает в себя льготы, направленные на поддержку здоровья матери и ребенка. Такие как, к примеру, оплачиваемые социальные отпуска в связи с рождением, усыновлением/удочерением ребенка; материальная помощь в связи с усыновлением/удочерением ребенка любого возраста; предоставление работающим женщинам дополнительных перерывов для кормления ребенка в возрасте до полутора лет и другие.

С целью улучшения ESG-рейтинга на 2023-2024 годы разработана «дорожная карта», на основе которой в свою очередь разработан План мероприятий по установлению гендерного баланса в ҚТЖ.

Этот план предусматривает такие мероприятия, как проведение информационной работы о гендерном балансе, создание неформального женского сообщества, развитие пула преемников среди женщин, взаимодействие с независимыми организациями/ассоциациями, направленными на продвижение женского лидерства и гендерного баланса.

**Сауле ИСТЛЕЕВА,**
директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ»
*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# К ЛЮБИМОМУ ДЕЛУ С ДУШОЙ

**В филиале «Экспресс» АО «Пассажирские перевозки» трудится немало проводников, которые своим профессионализмом и улыбками помогают сотням пассажиров путешествовать комфортно и безопасно. Среди них и наша героиня – проводник пассажирского поезда «Тальго» Астанинского участка Айжан Мухажанова.**



**Айлин БАУРЖАН,**
Астана

В семье Айжан нет железнодорожников, но несмотря на это, девушка, не задумываясь, приняла решение связать свою жизнь с работой на стальной магистрали. Ранее она семь лет трудилась в банке в Степногорске. Училась в Таразском региональном университете имени М. Х. Дулати на специальности «бухгалтерский учет и аудит». В новой профессии Айжан Мухажанову заинтересовали график работы, любовь к поездам и путешествиям. К слову, найти свое место в команде работников стальной магистрали девушке удалось благодаря единому сайту вакансий QSamruk.kz.

– О портале рассказала подруга. И именно она порекомендовала мониторить вакансии на сайте. Самое главное, он очень прост в использовании, на нем легко ориентироваться, есть много интересных функций, которые помогают найти работу быстрей, – делится девушка.

Чтобы присоединиться к коллективу национального перевозчика, Айжан прошла тестирование на профессиональные знания, а затем собеседование с руководством. Сейчас она зачислена в штат.

– Общение с самыми разными людьми, смена пейзажей за окном – такова дорожная жизнь проводников. Однако важно помнить, что за этим стоит тяжелый труд. В работе проводника важны стрессоустойчивость, коммуникабельность, терпение и собранность, чтобы разрешать самые разные ситуации, вопросы и сложности, возникающие в пути, – говорит Айжан.

Высокую оценку ее труду дает и руководство. Как рассказала коллега Гульжанат Кемалбек, начальник поезда сразу приметил открытую в общении, целеустремленную девушку.

– Айжан легко обучается, всегда стремится к новым знаниям, – говорит Гульжанат Кемалбек.

Проводник – лицо стальной магистрали, сотрудница подчеркивает, что обязана всегда хорошо выглядеть: профессиональная форма, сдержанный макияж, волосы собраны, неброские украшения. Главное, чтобы человек был ответственным и не боялся физического труда.

– Неоспоримый плюс в моей работе – это график, шесть дней работы и шесть дней отдыха отлично мне подходят. И я довольна своим выбором. Это интересная и полная приключений работа, – делится Айжан.

QSamruk.kz позволяет тысячам людей найти любимую работу в группе компаний АО «Самрук-Қазына». Информацию о свободных позициях на портале размещают 495 организаций и их филиалов. Здесь зарегистрированы более 140 000 соискателей. С 2019 года было размещено более 30 000 вакансий. За историю существования платформы на вакансии соискатели откликнулись более 275 000 раз.

*Фото автора*

# ЛЮДИ ЗА СТЕКЛОМ

**Билетные кассиры на железнодорожном вокзале редко становятся героями публикаций и репортажей, но их работа не так легка, как кажется на первый взгляд.**




**Айдана ЕРТАЙ,**
Павлодар

На станции Павлодар билетными кассирами трудятся только женщины, и, наверное, так не только здесь, но и в других регионах похожая ситуация. И причина не в том, что эта профессия создана только для представительниц прекрасного пола, просто так получается – резюме мужчины пока не подают. На станции Павлодар павлодарского участка работают восемь человек, двое на станции Аксу-2, пятеро в Екибастузе. Сегодня на смене трое сотрудников – старший кассир Анжела Бинько, кассиры Айнур Кулеева и Гульсум Калиева. График не из самых легких – сутки через двое или день и ночь. Несмотря на то что отдыхают они два дня, один день можно не считать, он уходит на восстановление сил после бессонной ночи труда. Пассажиры тоже разные, плюс с наступлением теплого периода пассажиропоток увеличивается в разы. Нам удалось поговорить со старшим кассиром, клиентов обычно с утра много не бывает.

– Есть еще социально уязвимые слои населения, лица с инвалидностью, воинские перевозки, участники Афганской войны. Для каждого расчет по билетам разный, занимает некоторое время, нужно еще правильно все разъяснить по скидкам и льготам. Плюс обслуживаем слабослышащих людей, здесь уже другой подход. Люди разные, кто-то приходит без настроения, – рассказывает Анжела Викторовна. – В коллективе есть как старые, так и новые кадры. Кто-то работает 10-15 лет, другие по пять лет, все профессионалы своего дела. Своей профессии посвятила 21 год жизни, потому что люблю ее и менять не собираюсь!

В Международный женский день билетные кассиры станции Павлодар павлодарского участка желают всем женщинам крепкого здоровья, не терять оптимизма, быть всегда на высоте и в движении!

*Фото автора*

**Оператор по обслуживанию и ремонту вагонов и контейнеров Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Галина Пименова очень хорошо знает, что такое мужская профессия на железной дороге.**

# ВЕСНЫ В ДУШЕ И ЛУЧЕЗАРНОСТИ!

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск



Долгое время она трудилась осмотрщиком вагонов. Сейчас на нее берут только мужчин. В целом на железной дороге Галина Пименова трудится почти 32 года. Руководство и коллеги однозначно говорят – она хороший работник!

– После школы я отучилась на портного легкого платья, но это по настоянию родителей, – вспоминает Галина. – Мне такая профессия вообще не нравилась. Конечно, она мне потом пригодилась: могу зашить, подшить все, что надо. А после училища я отдала родителям диплом, сказав: «Я пошла». И мой сын Николай точно так же поступил. Зная, что на железной дороге тяжело и трудно, он однозначно заявил: «Пойду работать машинистом». Я ему ответила: «Да ни за что!» В результате он поступил в Восточно-Казахстанский технический университет на геодезиста, отучился три курса, перешел на заочку. Съездил в Семей и там получил специальность помощника машиниста. Вот сейчас работает машинистом на РЖД.

Сама Галина устроилась на железную дорогу 15 августа 1991 года. Слесарей по обслуживанию буксового узла по-другому называли смазчицами. Сейчас такой профессии уже нет, потому что буксы стали другими, их не надо смазывать, как раньше. А тогда смазчицы брали в руки две леечки и бежали вдоль поезда заправлять буксы.

– Потом я сдала экзамен на осмотрщика вагонов. Долго работала. Тогда только женщины на этой должности и трудились, – говорит Галина Пименова.

Но потом представительницам слабого пола запретили работать осмотрщиками и перевели их всех операторами по обслуживанию и ремонту вагонов и контейнеров. Рабочее место у Галины Пименовой находится на южной горке станции Оскемен-1. Она рассказывает, что оператор в первую очередь обязан отвечать за безопасность вагонников, когда они обрабатывают поезда.

– Мы ограждаем путь с одной стороны и с другой, чтобы туда не смог зайти ни тепловоз, ни вагон. И во время обработки поездов работники депо у нас в безопасности, – объясняет она трудовые задачи. – Также мы определяем вагоны под погрузку, чертим графики, работаем с дежурными по станции, предъявляем поезда, снимаем ограждения, когда все будет обработано.

За хорошую работу, трудовую дисциплину Галину Пименову не раз поощряли грамотами, благодарственными письмами. В прошлом году ей вручили медаль к юбилею АО «НК «ҚТЖ». Она сильный человек. Около 16 лет назад после смерти мужа одна растила двух сыновей. Хорошо, что от вагонного депо в ссуду купила дом в микрорайоне Защита.

К женскому празднику Галина Пименова приготовила всем представительницам прекрасного пола поздравления.

– Я хочу пожелать всем женщинам в первую очередь здоровья, любви, – говорит она. – Желаю, чтобы вы никогда не теряли близких, были всегда красивыми, жизнерадостными и лучезарными!

*Фото Галины ПИМЕНОВОЙ*

# ВИКТОРИЯ И ЕЕ КОМАНДА

**На станции Бабатай Акмолинской области Аршалынского района трудится коллектив, состоящий из шести прекрасных дам, каждая из которых по-своему уникальна и неповторима.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда



В том, что в коллективе трудятся одни дамы, начальник станции Виктория Бугинова видит только плюсы.

– Правда, иногда ощущается нехватка мужской физической силы. В процессе работы мы всячески поддерживаем друг друга, говорит она. – К примеру, в коллективе трудятся две первозимницы, которые зачастую нуждаются в наставничестве старших товарищей. Последние в любое время суток дают новичкам советы, как действовать в той или иной ситуации. Таким образом, в работе проявляются сплоченность и единство.

Свой досуг коллеги тоже проводят сообща. Их конек – активный отдых на природе, причем независимо от времени года. Что может быть лучше, чем пикник на природе с мужьями и с детьми? Ведь именно на совместном корпоративном отдыхе людям дана возможность раскрыться, особенно в большом кругу, где можно узнать о предпочтениях и талантах каждого. К примеру, кто-то вкусно печет пироги, а кто-то прекрасно поет. Но все же самое главное, что свою работу они выполняют на отлично.

На сегодняшний день дежурные по станции – Майра Темирбекова, Карлыгаш Маусымбаева, Динара Ислямова, Айсулу Китайбекова – несут службу на узле по сменному графику. Они являются первыми помощниками начальника железнодорожной станции. Им дано право распоряжаться приемом, отправлением и пропуском поездов, контролем поездов на прилегающих к станции перегонах. На хрупких плечах этих милых обаятельных дам держится достаточно большой объем работы.

Не менее ответственную должность занимает товарный кассир Асель Хайруллина. В ее обязанности входит принимать и проверять правильность оформления документов по приему, погрузке и выдаче грузов, составлять отчетность по погрузке, простоям подвижного состава и другие обязательства. Малейшая ошибка в работе может привести к сбою в операции, поэтому важны такие качества, как внимательность, ответственность и скрупулезность.

Дамы не против, если когда-нибудь в их дружном коллективе появится джентльмен, а может быть, и не один, а пока они добросовестно трудятся на узле, растят детей и уверенно идут в ногу со временем, осваивая новые тенденции, чтобы приносить пользу обществу и стране.

*Фото автора*

# ҒАСЫР ЖАСАҒАН ТЕМІРЖОЛШЫ

**Жамбылдық Бүбікүл Рүстембекова жақында 100 жасқа толып, ғасыр жасаған адамдар қатарын толықтырды. Жамбыл жол дистанциясынан зейнетке шыққан әжей көп жыл жол монтері болып еңбек еткен екен. Жақында дистанция ұжымы мерейтой иесін туған күнімен құттықтады.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Жамбыл

Бүбікүл әже 1923 жылы 1 қаңтарда Жамбыл өңірінде өмірге келген. 18 жасында тұрмысқа шығып, 5 баланы дүниеге әкелген. Соғыс жылдарында жұбайы екеуі тылда еңбек етіпті. Луговой дистанциясына қарасты Құмарық бекетінде жолдасы Мақатай екеуі жол монтері болып жұмыс істеген.

– Жамбыл жол дистанциясында тіркеулі тұрған 221 зейнеткердің бірі Бүбікүл әжеміздің бірге жұмыс істеп, көзкөргендерінен сол жылдары Луговойда жол шебері болған Нұрмахан деген теміржолшы ғана қалған, ол кісі қазір зейнетте, аман-есен. Жыл сайын туған күндерінде, Қарттар күнінде, тағы да басқа мейрамдарда қарияларымызды ұмытпай, құттықтап баруды дәстүрге айналдырғанбыз, – дейді кәсіподақ комитетінің мүшесі Азамат Сыдықов.



Бүбікүл әженің бес баласынан немере, шөбере, тіпті шөпшектері бар. Қазір әже немере қызының қолында тұрады. Қарт әже мерейтойымен құттықтай келгендерге риза болып бір жасап қалды. Өткен өмірін еске алып шалы екеуі бірге соғыс жылдарында қандай қиын-қыстау жағдайда еңбек еткендерін, жеңіс күніне жеткенде қалай қуанғандарын әңгімеледі.

Кәсіподақ комитетінің төрайымы Сәуле Абдраимова мен машинист Азамат Сыдықов, метролог Раушан Назарова бастаған ұжым қызметкерлері ғасыр жасаған әжеге гүл шоғын тарту етіп, әдемі орамал, азық-түлік себетін сыйлады. Оларға алғыс білдіріп, батасын берген қария «Менің жасыма жетіңдер!» деп тілегін айтты.

*Суретті түсірген автор*

# ҚЫЗДАРЫ – ҚЫЗҒАЛДАҚТАРЫ

**Біздің кейіпкеріміз Жанбота Жұмаеваны көрген жан оны алты балалы ана деп ойламасы анық. Отағасы Сатыпалдымен шаңырақ көтергендеріне ширек ғасырдан асса да өңін бермеген келіншек ширақ қимылымен, белсенді іс-әрекетімен үйде де, түзде де ортасына сыйлы.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Қайда да қоғамдық жұмыстардың ортасынан табылатын Жанбота 2020 жылы ауылда өткен сайыста «Үлгілі ана» атанса, 2021 жылы Атырау жүк тасымалы бөлімшесі басшылығынан «Жыл қызметкері» дипломына ие болыпты.

«Күміс алқа» иегері, алты баланың анасы еңбек жолын осыдан 35 жыл бұрын Ганюшкино жол дистанциясында жол жөндеуші болып бастаған. Әкесі Қадырғали да өмір бойына станция-разъездерде кезекші, анасы Оқиза жол жөндеуші болыпты. Жанбота да жұмыс істей жүріп өлке теміржолшыларының ұстаханасы Гурьев темір жол техникумында білім алады. Бітірген соң 10-бекетке станция кезекшісі болып ауысады. 2021 жылдан бастап өзінің тұрғылықты жері бойынша Исатай станциясында станция кезекшісі болып істеп жүр.

«Шағын разъезде тұрудың өзіндік қиындығы мен қызығы да бар. Қаладан алыс болғандықтан мұнда ерекше мектептер, лицей, гимназиялар жоқ. Біз ата-ана ретінде олардың білімді болғанын қалаймыз. Олардың өмірден өз орнын табуы үшін жатпай-тұрмай еңбектенудеміз», – дейді Жанбота. Үлкендері Жұлдыз бен Асылай – медицина саласын таңдапты. Ұлбосын мен Аминат студент, Жаңылсын мен Мерейлім Атырау қаласындағы мектеп-гимназияда оқып жатыр. Ұлболсын Түркия елінде университет жанынан білім жетілдіріп келіпті. Жұлдыз болса бүгінде тұрмыс құрып, үш балалы болған.

Отағасы екеуі осы алты қызғалдағы үшін аспандағы айды алып беруге дайын. Ертең 8 наурыз күні Сатыпалдының шаңырағы шаттыққа толады. Өйткені ойдан-қырдан жиналған қыздары аналарын құттықтауға



келіп, міндетті түрде бас қосады.

Ерте тұрмыс құрған қыздардың бір ұтары – балалары өздерімен құрдастай қатар өседі. Жанботаға да жұрт қызығатыны сол, қыздары өзінің қатар құрбылары секілді, сырлас-мұңдас, бір-бірінен жасыратын құпиялары жоқ. «Қыз қамқоршы деген бекер сөз емес екен, жолдасым екеуміз ауырып сырқай қалсақ, бәрінің жандары қалмай жүгіріп жүріп дәрі-дәрмекті тауып, той-томалақ, садақаға баратын болсақ керек-жарағымызды түгендеп жүреді», – деп күледі күміс алқалы келіншек.

*Суретті түсірген автор*

**Балым Елеусінова – Астана локомотив пайдалану депосының құжаттарды өңдеу операторы. Мақаттық Құрметті теміржолшы Тасмағамбет Қайрановтың қызы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, аға-әпкелері сияқты теміржол саласын таңдауына әке ықпалы болса керек.**

# БАЛЫМНЫҢ БАҒЫ

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Мектеп бітірген соң бірден Алматы теміржол институтына түседі. Жоғары оқу орнын бітірген соң өзі сияқты теміржол әулетінен шыққан Амангелді Елеусіновпен отбасын құрады. Алматыда локомотив шаруашылығында жұмыс істеп, тәжірибе жинайды.

1998 жылы ҚТЖ Алматыдан Астанаға қоныс аударғанда Амангелді мен Балым Елеусіновтер де жұмыс бабымен бас шаһарға көшіп келеді. Балым Астана локомотив пайдалану депосының жедел техникалық есептеу орталығына жұмысқа кіріп, бүгінгі таңда алып салада еңбек етіп келе жатқанына 30 жылдан асыпты.

«Менің қызметім машинистер маршрутын санаумен қатар жағылған отынды, майдың есеп-қисабын компьютерге енгізу, электронды маршруттарды өткізу. Күн сайын 20-30 маршурт жасап, ай соңында бір айдың қорытындысы бойынша есеп береміз. Отынды есептеуші техниктер жанар-жағармай, дизель отыны қаншалықты жұмсалды немесе үнемделді, соны есептеп бізге береді, біз оларды өңдейміз. Бұл жерде біз қателеспеуіміз керек. Өйткені, бұл – машинистер еңбегі. Біз өңдеген құжаттар локомотив бригадаларының жалақысын, сыйақысын, тағы басқа үстеме ақыларды есептегенде негіз болады. Сондықтан біздің жұмыстың да өзіндік тәртібі мен жауапкершілігі бар», – дейді Балым Елеусінова.

Балымның жолдасы Амангелді көп жыл теміржолда жұмыс істеп, кейінгі уақытта теміржол саласындағы жекеменшік компанияға жұмысқа ауысыпты.



Ұлдары Абай да М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясын бітірген, машинист болып еңбек етті, қазір жекеменшік компанияға жұмыс орнын ауыстырыпты. Үлкен қызы Ботагөз құрылыс компаниясында қаржыгер болса, кенжесі Аружан студент.

Балым туралы әріптестері өз ісіне тиянақты, салмақты, артық сөзі жоқ, өз ісін жетік меңгерген маман деп жылы лебіздерін білдіреді. Ал Балым болса, теміржол – біздің бағымыз, туған-туысымның бәрі дерлік теміржолшы, осы кәсіптің нанын жеп отырған әулетпіз дейді.

«Кезінде Атырауда туып-өсіп, Алматыда оқыдық, одан Астанада қызмет жасап, өмір сүріп өсіп-өніп жатқанымыз алланың сыйы, балаларымыздың бағы шығар. Осылар оқысын, үлкен қалада өмір сүрсін деп кезінде Алматыға табан тіреуге тырыстық. Жұрт жаппай жаңа астанаға көшіп, арқаға қоныс аударғанда жүрексінбей біз де тәуекел еттік. Бүгінде міне, ерорданың тұрғынымыз, шүкір», – дейді қанағатшыл қазақ әйелі.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ӘСЕМ ДЕСЕ, ӘСЕМ!

**Үш бағытта қызмет көрсететін Жаңа-Семей жүк станциясына түсетін салмақ аса ауқымды. Жүк пойыздарын сұрыптау жұмыстары үзіліссіз жүргізілетіндіктен теміржолшылар үшін жауапкершілік те жоғары. Әйтсе де, ұжымда абыроймен еңбек етіп жүргендер қатарында қыз-келіншектер үлесі  мол.**



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Солардың бірі – Жаңа-Семей станциясындағы тасымалданатын құжаттарды өңдеу жөніндегі оператор болып еңбек ететін жаңа толқын өкілі Әсем Казезова. Оны әріптестері тек білімді маман ғана емес, топжарған спортшы, еріктілер ұйымының белсендісі және әсем де әдемі әйел заты ретінде таниды.

– Темір жол ел экономикасына өлшеусіз үлес қосып жатқан маңызды сала болғандықтан өз қызметімді абыроймен атқару негізгі парызым деп білемін. Қызығы мен шыжығы біте қайнасқан бұл мамандық темірдей тәртіпті талап ететіні айтпаса да түсінікті. Мәселен, жүк тасымалдауда нұсқаулықсыз әрекет етіп, бір ғана қателік жіберу арқылы ел экономикасына орасан зор шығын әкелуің мүмкін. Бағасы миллиардтармен есептелетін миллиондаған тонна жүкке жауапты болу оңай шаруа емес. Осы жерде тасымалданатын құжаттарды өңдеу жөніндегі оператордың нұсқаулығын басшылыққа алу, оның әр бөлімін жіті тану, керек десеңіз көбейту кестесі сияқты жаттап алу аса маңызды. Сол арқылы қауіпсіздікті нысанаға ала отырып, ұқыптылық, жауапкершілік, талаптылық, сабырлылық секілді қасиеттер арқылы кәсібилік пен шеберлікке жетуге болады, – дейді Әсем.

Әсем Қанатқызының сан түрлі қыры барын айттық. Ол теміржол саласын дамытуға және тиімді жұмыс істеу мақсатында өткізілетін түрлі семинарлар мен жастар басқосуларының ұйымдастырушысы. Мәселен, Семей ЖТ бөлімшесінің Жастар ұйымы қолға алған қайырымдылық жәрмеңкесін ең алғаш жүзеге асырушылардың бірі Әсем екенін көпшілік біле бермейді. Бір бұл емес, «Ораторлық өнер», «Үздік білгір», «Проф сом» және т.б. кәсібилікті анықтайтын сайыстарда қатарының алды болып, жүлдегер атануы да Әсемнің әмбебаптығының айқын көрінісі.

Түрлі жиындарда пікір білдіріп, жастар атынан ұсыныс-тілек айтып жүретін Әсем Қанатқызының отандық теміржол саласын дамыту бойынша да өзіндік ізденістері, түйген пайымы бар.

– Кейде дамыған мемлекеттердің автоматтандырылған жабдықтарын көргенде, біз де осындай мүмкіндіктерге қол жеткізсек деген тілек пайда болады. Болашақта теміржолшыларды мобильді оқыту бойынша шет елдерге жіберуді ұсынғым келеді. Бұл жастар үшін мотивация болатыны айдан анық, – дейді Әсем.

Десек те, бүгінгі таңда Семей ЖТ бөлімшесі бойынша жүк айналымы операцияларын жүргізу бойынша Жаңа-Семей станциясы көш басында келеді. Мұнда Данияр Сарқытбекұлы басшылық ететін берекелі ұжымда еңбек етіп жүрген  43 қыз-келіншектің үлесі мол екені даусыз.

*Суретті түсірген автор*

**Қарауылкелді станциясының өткел кезекшісі Марал Мұстафина – жеті бала тәрбиелеп отырған батыр ана болумен қатар тосқауыл бағдаршамында тұрып, өткел күзеткен тәжірибелі теміржолшылардың бірі.**

# ӨМІРГЕ ҚҰШТАР ЖАН

**Ардан СЕРДАЛЫ,**
Қарауылкелді

Өткелде жұмыс істеу оңай емес, асқан мұқияттылық пен жауапкершілікті талап ететін қиын да мазасыз жұмыс. Оның темір жолдағы жалпы еңбек өтілі – 18 жыл. Еңбек жолын 2005 жылы бастаған. Бүгінде 48 жастағы келіншек 19 жасында тұрмыс құрып, төрт қыз, үш ұлды дүниеге әкеліп, өмірдің азды-көпті тауқыметін де татып үлгерген екен.

«Бірінші жолдасым да теміржолшы болған, ерте қайтыс болды. Бес баламен жесір қалдым. Ол кезде алды 10 жас, кішісі 8 айлық жөргектегі бала болды. Өмірдің тауқыметін аз көрмедім. Сол балаларды осы теміржол саласында еңбек етіп жүріп, жалғыз өзім тістелеп жүріп жеткіздім», – дейді өткел бойын күзеткен ана.

Өмірдің күйбең тірлігімен арпалысып күн кешіп жүріп, тауқыметін бөлісуге ұсыныс жасаған ер азаматты



жолықтырып, екеуі бас қосады. 2013 жылы тұрмыс құрып, шаңырақтарында тағы  бір ұл, бір қыз дүниеге келеді. Осылайша жеті баланың анасы атанып, алтын алқа, күміс алқа тағынған Маралдың бүгінде үш қызы тұрмыста, немерелері бар. Үлкені мұғалім, екінші қызы медициналық академияда 6-курста оқиды. Үшінші қызы теміржол саласында білім алып, бала күтіміне шыққанға дейін 74-разъезде жұмыс істеді. Одан кейінгі ұл да теміржолшы кәсібін меңгеріп, әскерге кеткенше 202-разъезде механик болды. Орны сақтаулы тұр екен.

«Амандық болса, наурызда әскерден оралады. Әкесі секілді теміржолдағы жұмысымды жалғастырамын деп отыр. Кішкентайымның өзі 3 жастан асты. Өзімді бақытты ана сезінемін. Заман қиын, сондықтан қол қусырып, үйде отыруға болмайды, жұмыс істеп еңбектену керек. Балалардың болашағын ойлайсың, ең бастысы деніміз сау болсын, бәріне қол жеткізуге болады», – дейді өмірге құштар жан.

*Суретті түсірген автор*

# МАҚАТТЫҢ ҚЫЗЫ

**Жалпы, Атырау өңірінде жергілікті кадрлардың қалыптасуы Мақаттан бастау алады. Тоғыз жолдың торабы саналатын Мақатта темір жол кәсібі бүгінде ұрпақтан ұрпаққа ауысып, сабақтастыққа ұласты.**

**Еділ ЕРМЕК,**
Мақат

Яғни, сонау 1960 жылдардың ортасында қалыптасқан теміржолшылардың балалары, немере, шөберелері бүгінгі күні шойынжолда абыройлы еңбек етуде. Біздің кейіпкеріміз Ұлмекен Құрманқұлова 1965 жылы Мақат кентінде дүниеге келіпті. Әкесі Ғарифолла құқық саласында қызмет атқарса, анасы Мағира локомотив депосында, өндірістік-техникалық қызмет көрсету бөлімінде еңбек еткен. Ұлмекен де  мектеп бітірген соң еңбек жолын станцияда вагондар нөмірін жазатын санақшы болып бастап, аз-кем тәжірибе алған соң осы салада біржолата бағын сынауға шешім қабылдап, Алматы темір жол көлігі инженерлері институтына оқуға түседі. Оны тасымалды ұйымдастыру және басқару мамандығы бойынша бітіреді. Сосын өз мамандығы бойынша қозғалыс саласына ауысып, 2002 жылы Мақат станциясының кезекшісі, ал 2011 жылдан күні бүгінге дейін станциялық диспетчер болып қызмет атқаруда.

– Тоғыз жолдың торабында орналасқан Мақат станциясы арқылы жүк және жолаушылар пойызы әрлі-берлі толассыз ағылып жатады. Станциялық диспетчердің міндеті – сұрыптау жүйесін, маневрлік жұмыстарды бақылау, станциядағы техникалық құралдарды тиімді пайдалану, станция жұмысын алдын ала жоспарлау, пойыздарды қабылдау-жөнелту, тарату-жинақтау, бос вагондарды реттеу сынды жұмыстар. Өзім осы Мақатта туып өскен соң, көзімді ашқаннан көріп келе жатқаным – темір жол. Менің өмірім де, өнерім де, бақытым да осы темір жол деп білем, – дейді Мақаттың қызы.

Өзінен үлкен екі апасы да теміржолшы болды, бірі депода, бірі қызмет көрсету пунктінде еңбек етіп, бүгінде зейнеткерлікке шыққан. Ұлмекеннің жолдасы Мұрат – мұнайшы. Екеуі ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан бүгінде немере-жиен сүйіп отыр.  «Жұмыста да, отбасында да бәрі жақсы. Өзім биыл 58-ге шығамын. Зейнеткерлікке дейін үш жыл бар. Соған аман-есен жетейік. Темір жол – менің туған Мақатым үшін негізгі тіршілік көзі. Сондықтан оның түтіні



түзу шыққанын қалаймыз. Жетістік те, кемшілік те аз емес, техникалық құралдар ескіріп жатыр, ғимараттар тоза бастады. Бәрін жаңартатын кез келді. Жас буындар жаңаша жұмыс жасаса екен дейміз. Еңбек орнында әсіресе нәзік жандарға жайлы болғанын қалаймыз. Мейрам құтты болсын, өмірге шуақ сыйлайтын қыз-келіншектеріміз бақытты ғұмыр кешсін», – дейді Ұлмекен Ғарифоллақызы.

*Суретті түсірген автор*

№17-18 (2834-2835) 07/03/2023

## КОГДА ОБЩИЕ ИНТЕРЕСЫ И УВЛЕЧЕНИЯ

**Коллектив товарной конторы станции Костанай на сто процентов состоит из представительниц прекрасной половины человечества. На хрупких плечах 22 работниц лежит ответственность за многие тысячи тонн самых различных грузов, отгружаемых и отправляемых из Костанайского региона.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай



Возглавляет коллектив начальник товарной конторы станции Костанай Алма Мусагазина. За ее плечами солидный стаж, в том числе 11 лет непосредственно в качестве руководителя, и доскональное знание работы своего коллектива.

– Наша работа заключается в оказании услуг по приему перевозочных документов на грузовые вагоны, – говорит Алма Мынжановна. – Наши товарные кассиры начисляют взыскания железнодорожных платежей, отслеживают правильность вносимых платежей, проверяют сопроводительные документы, выданные контрольными органами. Работа эта очень сложная и очень ответственная. Нам приходится иметь дело с самой разной номенклатурой грузов – от муки и семян до металлов. Наши грузы следуют в Китай, Иран и другие страны. На каждом направлении разные требования, правила, и товарный кассир должен знать их все.

– Это и психологическая разгрузка, – говорит Алма Мусагазина. – Ведь клиенты бывают разные. Полил цветы, успокоил нервы и работаешь дальше. С другой стороны, есть и благодарные клиенты, которые приходят и дарят цветы на 8 Марта, пополняя нашу прекрасную коллекцию.

Есть в женском коллективе и другие увлечения. Например, товарный кассир Наиля Мусина в свободное время знакомит коллег с национальной татарской кухней. Кассир Ольга Куликова – отчаянная грибница. А еще всех объединяет любовь к пению.

*Фото автора*

## КОРОЛЕВА ВЫСОТЫ

**8 Марта для Бахытгуль Конырбаевой двойной праздник, в этот день у нее день рождения. А профессия у нее уникальная – она машинист козлового крана в Алматинской базе материально-технического снабжения.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Уже с первого взгляда козловой кран впечатляет своей высотой и грузоподъемностью – 20 тонн. Он предназначен для погрузки и выгрузки полувагонов, платформ, а также автомашин с негабаритными грузами. Оператор такой техники отвечает не только за целостность груза, но и безопасность на участке в целом. От работы и действий машиниста зависит многое, в том числе эффективность работы всего предприятия. И надо сказать, Бахытгуль Конырбаева вот уже более 20 лет отлично справляется со своими функциональными задачами.

– Работа, как работа, – говорит Бахытгуль и с улыбкой цитирует слова известной песни: «Мне сверху видно все, ты так и знай!»

Перед тем как приступить к работе, она проверяет основные узлы крана, канаты, тали, исправность устройств безопасности, освещение крана, грузозахватное устройство, смотрит ходовые пути и колеса, тормозные системы. А затем ловко и сноровисто поднимается на высоту в свою кабину.

Ее должность предполагает тесное взаимодействие со стропальщиками, грузчиками. Как отмечают работники базы, всех Бахытгуль понимает с полуслова, одного жеста, настолько ее действия отточены до автоматизма. Если рабочие действуют неумело, то вполне могут получить серьезную травму. К примеру, плохо закрепленный груз может опрокинуть сам подъемный кран, и даже страшно представить, к каким последствиям это может привести. Поэтому она всегда следит, чтобы стропальщик не оттягивал груз, когда тот поднимается.

– Здесь работа построена на профессионализме и строгой дисциплине, дилетантов и случайных людей нет, а ежедневные обязанности только дисциплинируют и заставляют всегда быть в тонусе, – говорит Бахытгуль Конырбаева.

За сильным и волевым характером Бахытгуль стоит женщина внутренней красоты и душевности, которая остается нежной матерью для своих детей, хранительницей домашнего очага.

*Фото автора*

## ПРОФЕССИЯ, ПРИНОСЯЩАЯ РАДОСТЬ

**Ведущий инженер филиала АО «НК «ҚТЖ» ЦДАЦ ОПЛП Караганда Оксана Чурикова из династии железнодорожников, поэтому выбор ее с детства был предопределен. Несмотря на множество разнообразных профессий, важно выбрать ту, которая будет приносить не только деньги, но и удовольствие.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда



Оксана Чурикова родилась в семье, где отец и мать работали на железной дороге. После окончания школы без малейшего колебания она выбрала профессию. Отучившись в Алма-Атинском институте железнодорожного транспорта по специальности «управление процессами перевозок на железнодорожном транспорте», в 1991 году Оксана начала свою трудовую деятельность на станции Караганда-Сортировочная оператором при дежурном по станции. Через три года ее пригласили в Информационно-вычислительный центр Карагандинского отделения Целинной железной дороги на должность инженера-математика.

Муж Оксаны Владимировны работает машинистом электропоезда, а сын окончил курсы по специальности «помощник машиниста электровоза» и сейчас продолжает обучение в железнодорожном колледже. В общем, целая династия получилась.

– Очень важно, что есть такая преемственность, которая объясняется любовью и верностью своей профессии, – считает Оксана Чурикова.

Она разносторонний и грамотный специалист. Принимает участие во внедрении новых проектов по автоматизации работы станции и безбумажной технологии на дороге, оказывает консультативную помощь при возникновении различных вопросов у работников станций и депо. Оксана участвовала во внедрении автоматизированной системы управления сортировочной станции (АСУ СТ) на Карагандинском отделении, автоматизированной системы управления договорной и коммерческой работой (АСУ ДКР), номерного учета простоя вагонов.

В жизни Оксаны Владимировны всегда есть место для спорта. Вместе с семьей они заняли третье место в конкурсе «Мама, папа, я – спортивная семья» в 2014 году, а в 2022 году в лыжных гонках заняли командное третье место.

*Фото автора*

## КАДРЫ РЕШАЮТ ВСЕ

**Это крылатое выражение как нельзя лучше подходит менеджеру по персоналу станции Уральск филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» Гульжан Амановой. Мудрый наставник, счастливая мама и бабушка, «Лучшая по профессии» 2022 года, участница конкурса «Моя профессия – моя судьба» для сотрудниц АО «НК «ҚТЖ».**



**Анна ПАНИЩЕВА,**
Уральск

Из почти 30 лет трудового стажа 18 она посвятила службе на железной дороге, в том числе 16 – в отделе по работе с персоналом. Научила азам своей профессии трех инспекторов по социально-трудовым отношениям, которые тоже являются ценными кадрами компании. В прошлом году ей присвоено звание «Кәсібі бойынша үздік», ее труд неоднократно отмечен Почетными грамотами и благодарственными письмами. При этом Гульжан Амангельдиевна мама четырех детей и любящая бабушка.

К слову, две старшие дочки окончили КазАТК с отличием. Динара работает приемосдатчиком груза и багажа на станции Уральск, зять Арслан – машинистом тепловоза Уральского эксплуатационного локомотивного депо. Дамира трудилась дежурной по станции, сейчас проживает в Актау, Айбану стала медсестрой в детской многопрофильной больнице Уральска. Ерболат по окончании Уральского института Государственной противопожарной службы МЧС РФ работает дознавателем в Сырымском районе ЗКО.

А ведь в детстве Гульжан мечтала стать фармацевтом, школу окончила с медалью. Но два ее брата, уже учившихся в Ташкентском институте инженеров железнодорожного транспорта, уговорили подать документы в ТашИИТ. Причем старший ей предсказал работу в кадрах, и она ни минуты об этом выборе не пожалела.

В стенах института познакомилась с будущим мужем Жанболатом Амановым, поехала с ним по распределению. Одна за одной родились три дочки, а потом и сынок.

В 2004 году семья Амановых переехала на историческую родину – в Казахстан. В Уральске супруг устроился по специальности в локомотивное депо, а Гульжан – в эксплуатационное вагонное депо слесарем по ремонту подвижного состава. Работала осмотрщиком вагонов по сохранности вагонного парка, затем ведущим инженером по охране труда, а с лета 2008 года – менеджером по персоналу.

– Именно здесь я поняла, что работа с персоналом – моя стихия, моя судьба! Каждый подобранный мною по квалификационным и личностным требованиям работник вносит свою лепту в процветание компании, – рассказывает Гульжан Амангельдиевна.

С ее подачи молодежь Уральского региона участвует во всех проектах компании, международных слетах, принимает активное участие в волонтерской деятельности. Среди них растут лидеры ҚТЖ – победители грандиозного проекта «100 молодых лиц». Немало молодежи проявили свои способности и выросли по карьерной лестнице по результатам проектов Топ-25 и Топ-50.

*Фото автора*

## ВСЕГДА ВЫСЛУШАЮТ И ПОМОГУТ

**В кадровой службе Алматинского эксплуатационного локомотивного депо правит прекрасный пол. В канун женского праздника мы заглянули к этим молодым, целеустремленным сотрудницам, знающим и любящим свое дело.**

**Милена КАИРОВА,**
Алматы



Традиционно на отдел кадров возложены функции по грамотной расстановке и подбору кадров, контролю над вопросами трудовой дисциплины. В депо Алматы эту работу выполняют молодые сотрудницы, однако молодость не помеха для безупречного труда.

Менеджер по персоналу Маржан Керимтаева в этой должности четыре года, а в депо трудится 13 лет. Она отлично знает людей, владеет делопроизводством, успешно руководит своим отделом и достойно преодолевает любые трудности. Как организованный человек, она умеет отделять главное от второстепенного, четко видит, на что расходуется рабочий день, и не допускает пустого времяпрепровождения.

Рядом с ней трудится принципиальная и исполнительная Алия Молдабаева – представительница славной железнодорожной династии, которая начинала свою трудовую деятельность в депо Шу инженером по расшифровке скоростемерных лент, сейчас она инспектор по социально-трудовым отношениям. Динара Абишева первые трудовые шаги делала на станции Алтынколь, Алина Слямгазина начинала инженером в депо Оскемен.

Эти молодые представительницы прекрасного пола уже успели добиться многого. Но главное – контактировать с людьми.

– Наша работа не только связана с бумагами, оформлением документов, но и повседневным общением с сотрудниками, поэтому так важно уметь найти подход к каждому, сплотить коллектив и мотивировать работников к труду, – говорит Маржан Керимтаева.

Действительно работа кадрового специалиста протекает в режиме многозадачности: нужно ответить на вопросы руководителя, сходить на совещание, оформить бумаги о приеме на работу, проконсультироваться с юристом, погрузиться в социально-бытовые проблемы сотрудников. Такой напряженный ритм выдержит не каждый.

Глядя на их улыбающиеся, харизматичные лица, каждую вполне можно представить на обложке какого-нибудь глянцевого журнала, но они выбрали железную дорогу и о своем выборе не жалеют.

*Фото автора*

## ДРУЖНАЯ СЕМЬЯ

**Центр оперативно-технического учета Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) – исключительно женский коллектив. Ежедневно эти представительницы прекрасного пола обрабатывают в среднем около сотни маршрутных листов машинистов, которые поступают в центр после поездок локомотивных бригад.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск





У них в кабинете – солнечно, чисто, уютно, много комнатных растений. Одним словом, красота. Руководитель центра оперативно-технического учета ТЧЭ-22 Наталья Неручева рассказывает, что коллектив у них дружный, сплоченный. Помимо нее, в центре работают еще семь женщин – операторов по обработке перевозочных документов.

– Мало кто выдерживает. В течение смены, а это 12 часов в день, нужно сидеть, не поднимая головы, перед монитором компьютера, работать с цифрами, – говорит Наталья Неручева.

По ее словам, очень важно своевременно и правильно обработать документы. Причем все, что пришли за смену. Оставлять их на следующий день нельзя. Один маршрутный лист проходит восемь обработок, из него нужно извлечь информацию о расходе дизельного топлива, дизельного масла, пробеге каждого локомотива за сутки и с начала месяца, учете ремонта локомотива на каждом его виде.

– Локомотивы нашего приписного парка ездят сейчас по всему Казахстану, но мы должны их контролировать, все ли маршруты там обработали, поставили на ремонт или нет, – объясняет Наталья Неручева. – Помимо этого, мы занимаемся начислением заработной платы локомотивным бригадам по отработанным маршрутам. Нам нельзя ошибаться.

Трудности профессии заключаются также в том, что операторы по обработке перевозочных документов взаимодействуют и с другими отделами ТЧЭ-22 и с АО «Транстелеком».

– В 21.00 у нас закрываются сутки. На следующее утро информацию о деятельности всего предприятия за сутки видит руководство Семейского отделения грузовых перевозок, начальство в Астане, Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, – говорит Наталья Неручева.

Старейшая работница центра Надежда Астанина трудится на одном месте уже 39 лет. А на железной дороге – 40 лет и 8 месяцев, начинала телеграфистом. Сейчас занимается начислением зарплаты локомотивным бригадам.

Помимо Надежды Астаниной, еще трех операторов по обработке перевозочных документов депо можно назвать «старейшими». Айнаш Токтамысова трудится здесь больше 20 лет, Жулдыз Канапиянова – семь лет, Анара Калижанова – пять лет, а ее стаж на железной дороге составляет 18 лет.

Новенькие в отделе – Гаухар Масабаева, Ботагоз Елекпаева, Виктория Юдина. Они работают в центре всего несколько месяцев, хотя прежде трудились в других подразделениях железной дороги. Например, Виктория Юдина была начальником резерва локомотивных бригад ТЧЭ-22.

Дольше всех здесь трудится Наталья Неручева. Только начальником центра оперативно-технического учета она является 23 года. Наталья представляет целую железнодорожную династию. Дежурным по станции когда-то работал ее дед, Илья Круглыхин. Отец Владимир Круглыхин был машинистом, мама Людмила работала медиком на предрейсовом осмотре, родной брат Олег тоже трудился в ТЧЭ-22.

– После школы я окончила железнодорожное училище. Но в начале 90-х годов было тяжело с трудоустройством. Я устроилась санитаркой в нашу железнодорожную больницу. Заочно поступила в Алматинский железнодорожный техникум. Как-то у нас лежал в больнице начальник станции Усть-Каменогорск. Спросил, почему не работаю по специальности, предложил пойти к ним. Так я устроилась стрелочницей, – вспоминает Наталья Неручева. – Потом меня перевели в локомотивное депо техником по замеру колесных пар, а позднее – в группу учета оператором по обработке перевозочных документов. Спустя время назначили исполняющей обязанности начальника группы учета, а затем начальником нашего подразделения, которое стало называться центром оперативно-технического учета.

В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо трудятся 44 женщины с учетом подразделений предприятия на станциях Шемонаиха и Кумыстау. По данным менеджера по кадрам и трудовым отношениям ТЧЭ-22 Ирины Маменовой, чисто женские коллективы – у операторов по обработке перевозочных документов, нарядчиков, в бухгалтерии, отделе кадров. Представительницы прекрасной половины трудятся в планово-экономическом отделе, секторе охраны труда, отделе контроля и ремонта, производственно-техническом отделе. Много женщин, которые работают инженерами-расшифровщиками. При этом труд каждой из них важен и ответственен.

*Фото автора*

## САМЫЙ ТЕПЛЫЙ ПОДАРОК

**Концертной программой с участием талантливых детей железнодорожников и выставкой рисунков на тему «Мама-железнодорожник глазами ребенка!» в преддверии 8 Марта порадовали представительниц прекрасного пола из филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Многофункциональный центр обслуживания» (ЦФО).**





Председатель профсоюзного комитета ЦФО Куляш Даньярова от лица организаторов поздравила виновниц торжества, вручив им памятные подарки.

– Сегодня у нас в гостях самые талантливые дети наших коллег, будущие звезды эстрады, которые откликнулись на приглашение выступить на работе у своих мам, – отметила она.

Всеми любимые песни в исполнении юных дарований Алиму Айментай и Амины Бектан, зажигательные танцы от Торемурата Султанбека, кюи Балбыраун, Адай и Ерке сылқым в виртуозной игре на домбре от Мухамедали Тыныбека и Бекмансура Давлетбака, проникновенное чтение стихов «Жан-анама!» от очаровательной Коркем Давлетбак не оставили равнодушных среди гостей праздника. Каждое выступление сопровождалось бурными овациями, дамы подпевали и танцевали вместе с ребятами, а некоторые мамы украдкой смахивали слезу умиления.

Еще одним подарком для них стала выставка детских рисунков, организованная в рамках конкурса «Мама-железнодорожник глазами ребенка!». Разнообразие подходов в исполнении работ, яркие краски, точность изображения мельчайших деталей – рисунки наглядно продемонстрировали, что о железной дороге ребята знают не понаслышке.

Всего в конкурсе принимали участие 15 детей железнодорожников. Выбрать лучших, по признанию членов комиссии, было нелегко. Первого места удостоилась одна из самых маленьких участниц – 7-летняя Аяна Толеу, второе заняла 9-летняя Еркежан Нуртазина, а третье – 8-летняя Даяна Балтаева. За лучшее креативное исполнение и творческий подход отметили работу Амирхана Уалиханa.

Им вручили дипломы и подарки. Впрочем, в этот день игрушками не обделили никого из деток.

Работницы ЦФО поблагодарили свое руководство Наталью Курьянову, Гульнару Тупенову и председателя профсоюза Куляш Даньярову за отличную организацию праздника и прекрасное настроение, отметив, что выступления детей – самый добрый и ценный подарок.

**Любовь РОВБА**

*Фото Олжаса АХМЕТОВА*



## «ЛАЛАГҮЛДЕР» ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

БАЙҚАУ

**«Нұрлы жол» вокзал кешенінің қызметкерлері арасында «Гүлдер-ай!» байқауы ұйымдастырылды. 8 наурыз – әйелдер мерекесіне орай өткен сайысқа қатысқан 5 топ көпке белгілі гүлдердің атымен аталып, командалар сол гүлге сәйкес сән үлгісін және өнерлерін көрсетті.**

Вокзал кешеніндегі 4 ауысым мен кеңсе қызметкерлері арасындағы жарыста олар Қызғалдақтар, Раушан гүлі, Лалагүл, Бәртегүл және Сакура деген әдемі гүлдер атауымен шықты. Байқау 5 сайыстан тұрды: дефиле, әнді қойылым көрсете отырып айту, аспаздық өнер, би, әр команданың ер азаматтарының әйелдерге тартуы.

Сайысқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы вокзал шаруашылығын пайдалану және дамыту жөніндегі атқарушы директор Жұбан Көрпебаев, «Қазкөлікқәсіп» ҚБ Астана филиалының төрағасы Серік Сәрсекеев, компанияның әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Ақмарал Байғабылова, «Нұрлы жол» вокзал кешені директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Айгүл Өксікбаева, вокзалдың технологиялық процесті ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ғалия Нускеева, вокзалдың бюджеттендіру және қаржылық талдау бөлімінің басшысы Ботагөз Қаласова қазылық етті. Қатысушылардың гүлдердің түсі мен түріне қарай киім таңдауы, жеке дауыста ән салып, би билеуі және қойылым көрсетудегі шеберлігі, жалпы сұлулық салтанат құрған шара көрермендерді тәнті етті.

Байқау соңында бірінші орынды барлық шарттар бойынша үздік өнер көрсеткен 3-ші ауысым, яғни Лалагүлдер тобы жеңіп алды. Екінші орынды Раушан гүлдер атанған 2-ауысым қызметкерлері алды. Ал үшінші орын 4-ауысым Бәртегүлдер тобы мен 1-ауысым Қызғалдақтар тобына берілді. Төртінші орынға кеңсе қызметкерлерінен құралған Сакура тобы тұрақтады.

– Көктем мерекесімен бірге біздің вокзал кешенінде де көңілді іс-шаралар өткізіліп, ұжым ауызбіршілігінің арқасында байқаулар ұйымдастырылады. Биыл да «Гүлдер-ай!» байқауы дәстүрлі жалғасын тапты. Тек оның шарттары сәл өзгерді. Бұл жолы жеке қызметкерлер арасында емес, командалар арасында сайыс өтті. Өте қызықты қойылымдар болды. Теміржолшы қыздарымыз жан-жақты қабілетін көрсетіп, бойындағы өнерлерін паш етті. Бір айта кетерлігі, бұл сайыстың өтуі вокзалдың жұмысына, технологиялық процесіне кесірін тигізбеді. Пойыз аз жүретін уақытты таңдап алып, сол кезеңде сайысты өткізуді жоспарладық, – дейді қазылар алқасының мүшесі Ғалия Нускеева. Жеңімпаз топтар арнайы дипломдар және қаржылай сыйақымен марапатталды.

**Райхан РАХМЕТОВА**

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## СУРЕТ АЙМАҒЫ АШЫЛДЫ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас ғимаратындағы Теміржолшылардың орталық музейінде жаңадан суретке түсу аймағы пайда болды. Бұл аймақтан орын тапқан дүниенің бірі – 80 жылдық тарихы бар орындық.**



Қабырғада сонау бір жылдары теміржолшыларға үзіліссіз қызмет етіп, дамыл таппаған қабырға телефонын көруге болады. Кім білген, кезінде бұл сұр телефон талай апаттың алдын алуға, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға, басқа да шұғыл мәселелерді шешуге септігін тигізген шығар. Ал оның жанында ілінген балға вагон қараушыларға талай ақауды анықтауға көмектескені анық. Бұл екеуінен жоғары орналасқан белгі беру құралы, қол шамсыны құралдар да өткен күндер шежіресінен сыр шертеді. Ал орындық жанында тұрған жез қоңырау бар құпиясын бойына жиып, маңғаз тұр.

– Бұл қоңырау Түрксіб теміржолы салынғанда қызмет еткен, осы мұражай ашылғанда Құрметті теміржолшы Асқар Сәрсембековтің атсалысуымен Көксу станциясынан әкелінді. Сексен жыл болған мына орындық та сол кісінің қолдауымен келген болатын. Бұл орындықтың не керемет бар дейтін болсаңыз, ол тұнып тұрған тарих. Кезінде басшылар қазіргідей шалқайып, көтеріліп, түсірілетін жұмсақ креслода емес, осындай қатты орындықта отыратын болған. Кезінде кімдер отырмады дейсіз бұл орындыққа, – деді сурет аймағының ашылу салтанатында сөз сөйлеген Орталық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, Құрметті теміржолшы Берік Айтбеков.

**Сұлугүл БАКЕСОВА**

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## Спорт

## ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР!

**Семей теміржолында спортты серік ететін қыз-келіншектер көп. Ұлттық компания көлемінде өтетін түрлі сайыстарда топ жарып жүргендердің де қатары мол. Өткен демалыс күні халықаралық әйелдер күні құрметіне қыздар қауымы өзара жолдастық кездесу өткізді.**



Бөлімшенің кәсіподақ ұйымының ұйытқы болуымен өткен шарада нәзік жандар волейболдан өзара шеберлік сынасты. Семей және Жаңа-Семей станцияларының спортшы қыздары қатысқан жарыс жоғары деңгейде өтті.

Алдымен сайыстың салтанатты ашылуы рәсімінде бөлімшенің кәсіподақ төрайымы Данагүл Өтеленова сөз алып, барша қыз-келіншектерді келе жатқан көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, сәттілік тіледі.

– Басты мақсат – жеңіске жету емес, өзара достық қарым-қатынасты, әріптестер арасында сыйластықты нығайту, – деген Данагүл Айтқалиқызы спортты үнемі серік ету қыз-келіншектер қауымының денi сау болумен қатар сымбатының да арта түсуіне септігін тигізетінін тілге тиек етіп өтті.

Ә дегеннен қызу қарқынмен басталған ойында Семей станциясының қыздары шеберліктерін байқатты. Жанкүйерлерінің қиқуымен жігерленіп, айқын басымдықпен жеңіске жол сала бастады. Әйтсе де, ойынның екінші жартысында жаңа-семейлік қыздар күш ала бастады. Салтанат Серікқан, Айнұр Атшабарова, Гауһар Шұңғылова, Айдана Мұсабаева, Фариза Амантаева сынды станцияның техкеңсе қыздары дүркін-дүркін шабуылға шығып, қарсыластарын қатты састырды. Ширақ қимылдап, ала допты қақпақыл қылған қыздар ойын барысын мейлінше қызықты етті. Нәтижесінде жоғары деңгейдегі даярлықпен келген Жаңа-Семей станциясының қыздары жеңіс тұғырына көтерілді. Жеңімпаз командаға арнайы мерекелік кубок тарту етілді. Сонымен қатар, сайыста өнер көрсеткен барлық қыз-келіншектер сый-сияпатқа ие болды.

**Абай ЕРТІС**, *Семей*

*Суретті түсірген автор*

## ЕҢ ӘДЕМІ МЕРЕКЕ...

**Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде өткен мерекелік басқосудың көркі қыз-келіншектер болды. Жиын ерлер қауымының бастамасымен өзгеше форматта ұйымдастырылды.**



Мәжіліс залын мерекелік нақышта безендірген жігіттер әрбір орындыққа шар байлап, ұжымның қыздарын әсем әуен мен алқызыл раушан гүлімен қарсы алды. Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ибраким Басықараев нәзік жан иелерін шын жүректен құттықтап, 8 наурыз – ең әдемі де аяулы мереке деді. Сонымен қатар, Қызылорда вокзалының анықтама беру жөніндегі кеңесшісі Рая Қуандықова, өндірістік тазалықшы Қалдыгүл Темірболатова, Өртке қарсы қызметінің диспетчері Камиля Ахметова, Персоналды басқару бөлімінің менеджері Бақыт Оразбай, Экономика бөлімінің инженері Жұлдыз Бисембаева, Еңбек және жалақы бөлімі инженері Айжан Абдреева, бөлімшенің машинист-хабарлаушысы Аружан Арынова, Қалпына келтіру пойызының жолсерігі Дана Сұңқарбаева, бөлімше мұрағатшысы Зәуре Айдарова мен қаржыландыру бөлімінің менеджері Нұргүл Енсепоаева адал да мінсіз қызметтері үшін алғыс айтып, құрмет грамоталарын табыс етті.

Марапаттау рәсімі арасында викториналық сергіту сауалдарына жауап берген қыз-келіншектер арнайы сыйлықтарға ие болды. Ал Қызылорда есеп тобының басшылары Ақмарал Маханбетова, Айнұр Аяпбергенова, Оксана Дон мен Қазалы есеп тобының жетекші маманы Анар Берденоваға бөлімше басшысы мен кәсіподақ ұйымы төрайымының құрмет грамоталары табысталды.

Басқосу бөлімше қызметкерлерінің ұл-қыздарының өнерімен айшықтала түсті. Шахмардан Алмағанбетовтің қыздары Амина мен Айша аналарына арнап жаттаған тақпағын айтып берсе, Мөлдір Акишованың баласы Мейірлен Жанболат пен Ләззат Ермұратованың қызы Аяулым Мирамбек әсем әннен шашу шашты. Шараны ұйымдастыруға атсалысқан кәсіподақ ұйымының төрайымы Ажар Ерманова жас өнерпаздарды да сыйлықсыз қалдырмады.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ**, *Қызылорда*

*Суретті түсірген автор*

## В ЧИСЛЕ ЛИДЕРОВ – МИЛЫЕ ДАМЫ

**На станции Ақадыр состоялось первенство по волейболу среди женщин предприятий, организаций, приуроченный к Международному женскому дню 8 Марта.**




В спортивном мероприятии приняли участие семь команд. По итогам жеребьевки они поделились на две группы. Уже первые встречи показали, что в команды усилились игроками высокого класса, а это в свою очередь позволило соперникам вести на площадке довольно острую борьбу. Сплоченность и корпоративный дух продемонстрировала команда, состоящая из прекрасной половины железнодорожниц. В ее состав вошли: электромонтер ЭЧ-12 Айдын Нурланбекова, инженер по начислению и выдаче заработной оплаты ЭЧ-12 Арайлым Оспанова, инженер по ТБ ТД-11 Айгерим Курманбаева, менеджер отдела кадров Гулдана Токтарбекова, ведущий инженер экономист ШЧ-21 Анис Айбаршын, электромонтер ЭЧ-12 Батима Мусаева, инженер первой категории ПЧ-26 Ботагоз Рахмедия.

В ходе первенства женщины показали профессионализм, а также точные броски, направленные в сторону противника. В результате упорной борьбы женская команда под руководством инструктора по спорту Куаныша Игитаева завоевала почетное призовое место. Трем командам-победителям от акимата были предоставлены ценные призы.

**Светлана МОГАЙ**, *Караганда*

*Фото автора*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 11 340**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
**Кезекші редакторлар:**
**Р. Рахметов, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Жамбыл**: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**
**Асель Распаева,**
**тел.: 8 775 198 15 61,**
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.